

Нотариат туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі N 155-І Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "І - ІІ" деген цифрлар тиісінше "1 - 2" деген цифрлармен ауыстырылды - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), бүкіл мәтін бойынша "лицензиясы кері қайтарылып алынғандықтан", "лицензияны кері қайтарып алу", "Нотариус лицензиясын кері қайтарып алу", "нотариус лицензиясы кері қайтарылып алынады", "Лицензия кері қайтарылып алынған", "кері қайтарып алу", "нотариустардың лицензияларын кері қайтарып алу" деген сөздер тиісінше "лицензиясынан айырылғандықтан", "лицензиясынан айыру", "Нотариусты лицензиясынан айыру", "нотариус лицензиясынан айырылады", "Лицензиясынан айырылған", "одан айыру", "нотариустарды лицензияларынан айыру" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "жеке мөрін", "жеке мөрлерін" деген сөздер тиісінше "мөрін", "мөрлерін" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2012.06.28 № 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "ауылдардың (селолардың)", "ауылдық (селолық)", "ауылдың (селоның)", "ауылдар (селолар)" деген сөздер тиісінше "ауылдардың", "ауылдық", "ауылдың", "ауылдар" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 03.07.2013 № 121 -V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "және терроризмді қаржыландыруға" деген сөздер, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 19.09.2025 № 219-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйені", "ақпараттық жүйеден", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйенің", "ақпараттық жүйеге", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйеде", "ақпараттық жүйелерінен", "ақпараттық жүйемен" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйені", "цифрлық жүйеден", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйенің", "цифрлық жүйеге", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйеде", "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық жүйемен" деген сөздермен

ауыстырылды – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бүкіл мәтін бойынша:

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі", "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің", "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен", "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне", "Әділет министрлігіне бекітуге" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органмен", "уәкілетті органға", "уәкілетті органға бекітуге" деген сөздермен ауыстырылды;

"заңнамалық актілерінде", "заң актілерімен", "заң актілерінде", "басқа да заң актілерімен", "заң актілеріне" деген сөздер тиісінше "заңдарында", "заңдарында", "заңдарында", "басқа да заңдармен", "заңдарға" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1 бөлім

Нотариат қызметінің ұйымдық және құқықтық негіздері

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасындағы нотариат

1. Қазақстан Республикасындағы нотариат – бұл нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін білікті заң көмегін көрсету жөніндегі құқықтық институт.

2. Осы Заңмен белгіленген жағдайлар мен шектерде нотариаттық іс-әрекеттер жасауға мыналардың құқықтары бар:

1) мемлекеттік нотариат кеңселерінде жұмыс істейтін нотариустар (мемлекеттік нотариустар) мен жеке практикамен айналысатын нотариустар (жекеше нотариустар);

2) аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдары;

3) Қазақстан Республикасының атынан консулдық қызмет атқаратын адамдар;

3-1) алынып тасталды

4) осы Заңмен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті өзге де адамдар.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.12.24 № 276, 2003.05.05 № 408, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Зандарымен.

2-бап. Нотариат туралы заңдар

Нотариат туралы заңдар Азаматтық кодекс нормаларынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының нотариаттық қызметті реттейтін өзге де заңдарынан тұрады.

2-2-бап. Нотариат саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган

Нотариат саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – нотариаттық қызмет саласында мемлекеттік реттеуді, лицензиялауды және мемлекеттік бақылауды, сондай-ақ нотариат туралы заңнамада көзделген өзге де функцияларды атқаратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 2-2-баппен толықтырылды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-1-бап. Нотариаттың негізгі мақсаты мен міндеті

1. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған нотариаттық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу нотариаттың мақсаты болып табылады.

2. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке және заңды тұлғаларды білікті заң көмегімен қамтамасыз ету нотариаттың міндеті болып табылады.

Ескерту. 2-1-баппен толықтырылды – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Нотариаттық қызмет және оның кепілдіктері

1. Нотариаттық қызмет – бұл нотариустың осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы.

Осы Заңда белгіленген жағдайларда және шектерде жекелеген нотариаттық іс-әрекеттерді арнайы уәкілетті лауазымды адамдар жасай алады.

Қазақстан Республикасындағы нотариаттық қызмет нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығы, тәуелсіздігі, бейтараптылығы, құпиялылығы қағидаттарына негізделеді.

Нотариаттық қызмет кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

2. Нотариустар мен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті басқа да адамдар нотариаттық іс-әрекеттер жасағанда тәуелсіз болады және тек қана заңға бағынады. Бұл орайда олар осы Заңды және басқа нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен, осындай қызметті реттейтін халықаралық шарттарды басшылыққа алады.

3. Жеке және заңды тұлғаларға олардың жасаған нотариаттық іс-әрекеттерінің құпиясын сақтауға кепілдік беріледі.

3-1. Нотариаттық әрекетті жасау немесе нотариусқа, уәкілетті лауазымды адамға өтініш білдіру кезінде алынған, оның ішінде жеке мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттер туралы мәліметтер нотариаттық құпия болып табылады.

4. Нотариус ретінде қызметін тоқтатқан адамдар нотариаттық іс-әрекеттердің құпиясын сақтауға міндетті.

4-1. Нотариаттық құпияны сақтау міндеті нотариустардың тағылымдамадан өтушілеріне, көмекшілеріне, куәға, аудармашыға, азаматтың дене кемістігі, ауруы немесе сауатсыздығы салдарынан оның орнына нотариаттық құжатқа қол қойған адамға, сондай-ақ нотариаттық палаталардың жұмыскерлеріне және бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйені қолдап отыруды және оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын адамдарға қолданылады.

5. Нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер, нотариус берген құжаттардың көшірмелері немесе дубликаттары тапсырысы бойынша нотариаттық іс-әрекеттер жүргізілген заңды және жеке тұлғаларға, не олардың уәкілетті адамдарына ғана беріледі.

6. Нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер мен құжаттар өздері жүргізіп жатқан істер бойынша соттың, тергеу және анықтау органдарының, өздері жүргізіп жатқан атқарушылық іс жүргізу істері бойынша сот орындаушыларының жазбаша талап етуі бойынша, прокуратура органдарына, сондай-ақ әділет органдарына және осы Заңмен нотариустар қызметін тексеруді жүзеге асыруға уәкілдік берілген нотариат палаталарына беріледі.

Адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер де оған заң көмегіне жүгінген сенім білдірушінің қорғаушысы немесе өкілі ретінде қатысатын адвокаттың жазбаша сұрау салуы бойынша беріледі.

Заң көмегін көрсету үшін қажетті нотариаттық әрекеттер туралы мәліметтерді бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеден алуды адвокаттар заң көмегінің бірыңғай цифрлық жүйесі арқылы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында адвокаттық сұрау салуды жіберу жолымен жүзеге асырады.

Салықтық берешегі болған, қайтыс болған адамның мұрагерлері туралы мәліметтер мемлекеттік кіріс органдарының жазбаша сұрау салуы бойынша беріледі.

Әлеуметтік төлемдер және одан ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы артық есептелген (төленген) қайтыс болған адамның мұрагерлікті қабылдаған адам туралы мәліметтер Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының жазбаша сұрау салуы бойынша беріледі.

7. Нотариаттық құпияны жария ететін адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

8. Заңды тұлғалар және лауазымды адамдар нотариаттық іс-әрекеттер жасауға қажетті мәліметтер мен құжаттарды нотариус талап еткен кезден бастап күнтізбелік он күн мерзімнен кешіктірмей оларды нотариусқа ұсынуға міндетті.

9. Өсиеттер туралы мәліметтер, өсиеттердің дубликаттары мен көшірмелері мүдделі адамдарға, егер заңдарда өзгеше белгіленбесе, өсиет беруші өлгеннен кейін ғана беріледі.

10. Мыналар нотариаттық құпияны жария ету болып табылмайды:

1) Республикалық нотариаттық палатаның немесе бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің интернет-ресурсында мынадай:

сенімхаттар (сенімхатты куәландырған тұлға, сенімхаттың куәландырылған күні, оның бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің нотариаттық әрекеттер электрондық тізіліміндегі тіркеу нөмірі, егер сенімхаттың күші жойылған жағдайда, сенімхаттың күші жойылғаны туралы мәліметтерді осы тізілімге енгізу күні мен уақыты туралы мәліметтер);

ашылған мұрагерлік істер (мұра қалдырушы, оның қайтыс болған күні туралы мәліметтер, мұрагерлік істі жүргізетін нотариус туралы мәліметтер);

нотариус жасаған атқарушылық жазбалар (атқарушылық жазбаны жасау күні, атқарушылық жазбаны жасаған нотариус туралы мәліметтер) бойынша мәліметтерді орналастыру;

2) осы Заңда көзделген мәліметтерді бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге енгізу;

3) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мақсаттарда және тәртіппен, қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын мемлекеттік органға нотариаттық әрекеттер туралы мәліметтерді ұсыну, сондай-ақ нотариустың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесін "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе арқылы құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне жіберу;

4) салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға нотариаттық әрекеттер туралы мәліметтерді "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде ұсыну;

5) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, әлеуметтік төлемдердің және олардан ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының артық есептелген (төленген) сомаларын қайтаруды жүзеге асыру мақсатында Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына нотариаттық әрекеттер туралы мәліметтерді ұсыну;

5-1) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті және депозитарлық қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына, нотариустың электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесін бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе арқылы жіберуді қоса алғанда, осындай бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына нотариаттық әрекеттер туралы мәліметтерді ұсыну.

Осы тармақшада көрсетілген мәліметтер бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана, осындай бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысында өзіне қатысты осы мәліметтер берілетін тұлғаның Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі болған кезде беріледі.

б) мұраның ашылғаны туралы мәліметтерді мұрагерлерге хабарлау.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.06.22 № 147, 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.12.2017 № 122-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2020 № 349-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.09.2025 № 219-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)^ 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Нотариаттық іс жүргізу

1. Нотариаттық іс жүргізу Қазақстан Республикасының архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы Республикалық нотариаттық палатаның қатысуымен уәкілетті орган бекітетін Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидаға (бұдан әрі - Қағида) сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қағида талаптарының сақталуына бақылау жасауды аумақтық әділет органдары мен нотариат палаталары жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік нотариустардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде мемлекеттік архивке тапсырылуға тиіс.

Жекеше нотариустардың қағаз түріндегі құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде жеке нотариаттық архивке тапсырылуға тиіс.

Нотариустардың электрондық түрдегі құжаттары Қағидаларға сәйкес міндетті түрде нотариаттық цифрлық архивте қалыптастырылуға тиіс.

4. Нотариаттық цифрлық архив – бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің электрондық түрдегі нотариаттық құжаттарды жинауға, сатып алуға, жиынтықтауға, ретке келтіруге, сақтауға, есепке алуға және пайдалануға арналған құрауышы.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408, 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-1-бап. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе

1. Нотариаттық қызмет туралы мәліметтерді жинау, өңдеу, сақтау процестерін автоматтандыруға және ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған цифрлық жүйе бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-1-тармақпен толықтыру көзделген – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Жасалған нотариаттық әрекеттер туралы мәліметтер мен осы Заңда көзделген өзге де мәліметтер бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге енгізіледі.

3. Нотариаттық әрекеттер жасау туралы мәліметтер мен осы Заңда көзделген өзге де мәліметтер нотариаттық цифрлық архивте орналастырылуға тиіс.

4. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге қол жетімділік нотариустардан бөлек, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілеттік берілген адамдарға беріледі.

Нотариустар және бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеде қамтылған мәліметтерге қолжетімділік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген басқа да адамдар және қолдап отыру мен жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын адамдар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға осындай жүйеде қамтылған мәліметтерді ашпауға және таратпауға міндетті.

4-1. Осы Заңда белгіленген жағдайларда аумақтық әділет органы және нотариаттық палата нотариаттық цифрлық архивке қолжетімділікті Қағидаларда көзделген тәртіппен басқа нотариусқа береді.

5. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеде қамтылған мәліметтерді қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйені пайдалану қағидаларын уәкілетті орган цифрландыру саласындағы уәкілетті органмен және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

7. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе Республикалық нотариаттық палатаның, нотариаттық палаталар мен уәкілетті органның ақпаратты жинауы мен талдауы үшін қолданылуы мүмкін.

8. Алып тасталды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Заң 4-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.07.15 № 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); жаңа редакцияда – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгерістер енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

4-2-бап. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің мазмұны

1. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе:

- 1) нотариаттық әрекеттердің электрондық тізілімінен;
- 2) мұрагерлік істер тізілімінен;
- 3) өсиеттерді есепке алу тізілімінен;
- 4) нотариаттық цифрлық архивтен тұрады.

Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеде нотариаттық қызметке қатысты өзге де мәліметтер, оның ішінде ақпараттық, қосалқы, анықтамалық-талдамалық сипаттағы мәліметтер қамтылады.

2. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің тізілімдерін жүргізу тәртібін уәкілетті орган цифрландыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

3. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің осы Заңда көзделген тізілімдерінің жұмыс істеуі туралы есептілікті ұсыну нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. Заң 4-2-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгерістер енгізілді – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

4-3-бап. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге мәліметтерді енгізу

1. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге мәліметтерді енгізуді нотариустар жүзеге асырады.

Нотариустар бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге мынадай:

1) нотариаттық әрекеттерді бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің нотариаттық әрекеттер электрондық тізілімінде тіркеу кезінде олардың жасалғаны туралы мәліметтерді енгізуге міндетті.

Сенімхатты куәландыру немесе оның күшін жою бойынша нотариаттық әрекетті бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің нотариаттық әрекеттер электрондық тізілімінде тіркеу кезінде нотариустар бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге сенімхаттың электрондық үлгісін (электрондық нұсқасын) енгізуге міндетті;

2) мұрагерлік істі жүргізуге негіз болып табылатын өтініштер келіп түскен кезде мұраның ашылғаны туралы;

3) өсиеттердің есепке алынғаны туралы мәліметтерді;

4) осы Заңның 4-2-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне сәйкес өзге де мәліметтерді енгізуге міндетті.

2. Нотариаттық әрекеттер жасалғаны туралы мәліметтерді нотариус бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің нотариаттық әрекеттер электрондық тізіліміне дереу енгізеді.

3. Мұраның ашылғаны туралы мәліметтерді нотариус тиісті өтініштер келіп түскеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің мұрагерлік істер тізіліміне енгізеді.

Ескерту. Заң 4-3-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-4-бап. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеде қамтылған мәліметтерді ұсыну

1. Адамдар өзіне қатысты мынадай:

1) куәландырылған сенімхат (сенімхатты куәландырған тұлға, сенімхаттың куәландырылған күні, оның бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің нотариаттық әрекеттер электрондық тізіліміндегі тіркеу нөмірі, егер сенімхаттың күші жойылған жағдайда, сенімхаттың күші жойылғаны туралы мәліметтерді осы тізілімге енгізу күні және уақыты туралы мәліметтер);

2) ашылған мұрагерлік істер (мұра қалдырушы, оның қайтыс болған күні туралы мәліметтер, мұрагерлік істі жүргізетін нотариус туралы мәліметтер);

3) нотариус жасаған атқарушылық жазбалар (атқарушылық жазбаны жасау күні, атқарушылық жазбаны жасаған нотариус туралы мәліметтер) туралы мәліметтерді өтеусіз негізде алуға құқылы.

2. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің нотариаттық әрекеттер электрондық тізілімінде қамтылған және нотариаттық әрекетті жасауға немесе нотариаттық

құжаттың жарамдылығын тексеруге қажетті мәліметтер нотариустарға олардың бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе арқылы берілген сұрау салулары бойынша ұсынылады.

Өзіне қатысты бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің нотариаттық әрекеттер электрондық тізілімінде қамтылатын мәліметтер сұратылып отырған адамға сұрау салу фактісі туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

3. Қазақстан Республикасының құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарының және сот орындаушыларының қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер, іздестіру істері, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер және атқарушылық іс жүргізу шеңберінде ақпарат алуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Заң 4-4-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Нотариаттық іс жүргізілетін тіл

1. Нотариаттық іс Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. Егер нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген адам іс жүргізілетін тілді білмесе, ресімделген құжаттардың мәтіндері оның өтініші бойынша осы Заңның 80-бабына сәйкес ақы төлеттіріп аударылып берілуге тиіс.

2-тарау. Нотариустың құқықтық жағдайы

6-бап. Қазақстан Республикасындағы нотариус

1. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, жасы жиырма беске толған, жоғары заң білімі, заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, нотариуста кемінде бір жыл мерзіммен тағылымдамадан, аттестаттаудан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы нотариус бола алады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қызмет атқаратын әкімшілік мемлекеттік қызметші мемлекеттік нотариус болып табылады.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алуды қоспағанда, мемлекеттік нотариусқа осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптар қолданылады.

1.1. Заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған, белгіленген тәртіппен іс-әрекет жасауға қабілетсіз не іс-әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі деп танылған адам нотариус бола алмайды.

Мыналар:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы;

теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан шығарылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның кәсіптік жарамсыздығына байланысты судьяның атқаратын лауазымына сай еместігі туралы шешімі негізінде өкілеттігін тоқтатқан судьяны қоспағанда, теріс себептер бойынша судья лауазымынан босатылған адам шығарылған (босатылған) күннен бастап бір жыл бойы;

әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адам осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы;

нотариаттық әрекет жасау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына жол бергені үшін мемлекеттік нотариус лауазымынан шығарылған адам;

осы Заңның 11-бабының 2), 5) және 8) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензиясынан айырылған, сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл өткен соң нотариаттық қызметпен айналысуға қайта үміттенуге құқығы бар адамдарды қоспағанда, нотариаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиядан айырылған адам;

егер шығарылған күнінен бастап үш жылдан аз уақыт өтсе, теріс себептер бойынша заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінен шығарылған не адвокаттар алқасына мүшелігі тоқтатылған адам да нотариус бола алмайды.

2. Жекеше және мемлекеттік нотариустардың нотариаттық қызметті жүзеге асырған кездегі құқықтары, міндеттері тең болады. Олар ресімдеген құжаттардың бірдей заң күші болады.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген лицензиясы жоқ адамдардың (мемлекеттік нотариусты және осы Заңның 1-бабындағы 2-тармақтың 2), 3) тармақшаларында аталған адамдарды қоспағанда) нотариаттық іс-әрекеттер жасауы, не нотариат туралы заңдардың өзге де талаптарын бұзып жасауы және сол іс-әрекеттерден табыс табуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болуға әкеп соғады.

4. Аумақтық әділет органы мемлекеттік нотариустың нотариаттық іс-әрекеттері үшін мүліктік жауапкершілікте болады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.11.13 № 302, 2001.07.11 № 235, 2001.12.24 № 276, 2003.05.05 № 408, 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.12.2025 № 241-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Зандарымен.**

7-бап. Нотариустың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері

1. Нотариустың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері болуы мүмкін.
2. Қазақстан Республикасының азаматы ғана нотариустың көмекшісі бола алады.
3. Нотариустың көмекшісі жеке практикамен айналысатын нотариуста еңбек шартының негізінде жұмыс істей алады немесе мемлекеттік нотариат кеңсесінің құрамында бола алады.
4. Жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары нотариустың тағылымдамадан өтушілері бола алады.

Тағылымдамадан өтушілер кемінде бес жыл нотариаттық қызмет өтілі бар нотариустарда өздерінің тіркелген (тұрғылықты) жері бойынша тағылымдамадан өтеді.

Осы Заңның 6-бабының 1-1-тармағында белгіленген талаптарға сай келетін және тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адам нотариустардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеде тізбесі белгіленетін құжаттарды қоса бере отырып, тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтінішпен аумақтық нотариаттық палатаға өтініш білдіреді.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміттенетін адам нотариаттық палатамен тағылымдамадан өту туралы шарт жасасады.

5. Көмекші мен тағылымдамадан өтуші нотариустың нұсқауымен және жауапкершілігімен оның нотариаттық қызметті алмастыруға тиісті емес және нотариаттық іс жүргізу бойынша көмекші сипатта болуы мүмкін тапсырмаларын орындауға құқылы.

Көмекші мен тағылымдамадан өтушінің нотариус үшін нотариаттық құжаттарға қол қоюға және нотариустың мөрін пайдалануға құқығы жоқ.

6. Алып тасталды – ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7. Тағылымдамадан өтушінің нотариаттық қызметпен айналысу құқығына кейіннен лицензия алу үшін нотариаттық әрекеттерді жасау, нотариустың жұмысын ұйымдастыру бойынша кәсіптік білім мен практикалық дағдыларды алуы тағылымдамадан өту мақсаты болып табылады.

8. Бір нотариустан бір мезгілде екеуден аспайтын тағылымдамадан өтуші тағылымдамадан өте алады.

9. Тағылымдамадан өту нотариустардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Тағылымдамадан өтушілерді кәсіптік даярлау бағдарламасы барлық тағылымдамадан өтушілер үшін міндетті болып табылады және онда нотариустың кәсіби және әдеп нормаларын зерделеуді, нотариустар үшін немесе тағылымдамадан өтушілер үшін арнайы ұйымдастырылатын семинар сабақтарына қатысуды қоса

алғанда, тағылымдамадан өтушінің арнайы теориялық білім алуына, нотариаттық әрекеттерді жасау және нотариустың жұмысын ұйымдастыру бойынша практикалық дағдыларды меңгеруіне бағытталған іс-шаралар тізбесі қамтылуға тиіс.

10. Тағылымдамадан өту аяқталған соң нотариус тағылымдамадан өтушінің кәсіптік даярлау бағдарламасын орындағанын көрсететін қорытынды дайындайды, оны он жұмыс күні ішінде нотариаттық палата бекітеді. Тағылымдамадан өтушілерді кәсіптік даярлау бағдарламасын тағылымдамадан өтуші толық меңгермеген жағдайда оған қосымша уақыт беріледі.

Тағылымдамадан өту туралы қорытынды бекітілгеннен кейін ол үш жыл бойы жарамды болып табылады.

11. Тағылымдамадан өтушілерді кәсіптік даярлау бағдарламасын толық меңгеру тағылымдамадан өтудің міндетті талабы болып табылады.

12. Теріс себептермен атқарып жүрген қызметінен босатылғандарды қоспағанда, осы баптың талаптары мемлекеттік нотариустың жұмыс өтілі бар адамдарға қолданылмайды.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-1-бап. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттау

1. Тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдарына өтініш беру арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге және практикалық дағдылардың тиісті деңгейін тексеруге кешенді компьютерлік тестілеу нысанында аттестаттаудан өтеді.

2. Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтихандарын тапсырған адамдар, тұрақты судьялар және өз міндеттерін атқару кезінде теріс қылықтар жасағаны және заңдылықты бұзғаны үшін судья лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар, сондай-ақ мемлекеттік нотариустар аттестаттаудан өтуден босатылады.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданысы тоқтатылған жағдайда үміткер нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алуға қайта өтініш берген кезде аттестаттаудан өтуге міндетті.

3. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудың негізгі міндеті нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алуға үміткерлерді сапалы іріктеуді қамтамасыз ету болып табылады.

4. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттауды және байқау түрінде аттестаттауды өткізудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган айқындайды.

5. Егер нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам осы Заңда белгіленген талаптарға сай келмесе, оны аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Аттестаттауға жіберуден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

6. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам өз таңдауы бойынша тестілеуден қазақ немесе орыс тілінде өтуге құқылы.

7. Аттестаттау қорытындысы бойынша нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамды аттестаттау не аттестаттамау туралы уәжді шешім шығарылады.

Аттестаттау не аттестаттамау туралы уәжді шешімге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

8. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау туралы шешім ол шығарылған уақыттан бастап үш жыл ішінде жарамды болады.

9. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттау тоқсанына бір реттен сиретпей өткізіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін тексеру мақсатында нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдар байқау түрінде аттестаттаудан өтуге құқылы.

Ескерту. Заң 7-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 17.12.2025 № 241-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-2-бап. Аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттары

Ескерту. 7-2-бап алып тасталды – ҚР 17.12.2025 № 241-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-бап. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия

1. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау қорытындысы бойынша уәкілетті орган берген лицензия (нотариус лицензиясы) жекеше нотариусқа нотариаттық әрекеттер жасауға уәкілдік береді.

2. Нотариус лицензиясын алуға қажетті құжаттардың тізбесі, лицензия беру мерзімі мен тәртібі тиісті нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

3. Нотариус лицензиясы мерзімі шектелмей беріледі және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

4. Нотариус лицензиясын беру үшін алым алынады, оның мөлшері мен төлену тәртібі салық заңдарымен белгіленеді.

5. Уәкілетті орган нотариаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиялардың Мемлекеттік тізілімін жүргізеді және ведомстволық баспасөз органында нотариаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензия берілген адамдар туралы мәліметтер жариялайды, онда:

1) нотариустың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) лицензия берілген күн мен оның нөмірі көрсетіледі.

6. Алып тасталды – ҚР 17.12.2025 № 241-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-1. Алып тасталды - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.11.13 № 302, 2001.07.11 № 235, 2003.05.05 № 408, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2009.04.29 № 154-IV, 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Нотариус лицензиясын беруден бас тарту

1. Нотариус лицензиясын беруден бас тарту негіздері "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

2. Нотариус лицензиясын беруден бас тартылған жағдайда өтініш иесіне ол қабылданған күннен бастап үш күн ішінде бас тарту себептері көрсетіле отырып жазбаша түрде дәлелді шешім беріледі.

3. Бас тарту туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру

1. Нотариус лицензиясының қолданысын тоқтата тұру аумақтық әділет органдарының, нотариаттық палаталардың, прокуратура органдарының ұсынулары негізінде уәкілетті органның шешімімен жүргізіледі.

2. Нотариус лицензиясының қолданысы мынадай:

1) алып тасталды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2) алып тасталды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-1) алып тасталды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) нотариус өзінің тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болған жағдайда) өзгерткені туралы мәліметтерді аумақтық әділет органына бір ай ішінде хабарламаған;

4) нотариус осы Заңға сәйкес өзіне айқындап берілген қызмет ету аумағын бұзған;

5) нотариус мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға алып келген, нотариаттық әрекеттер жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған;

6) нотариустың нотариаттық қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламасында көрсетілген мекенжайда нотариустың үй-жайы іс жүзінде болмаған;

7) нотариус осы Заңның 15-бабы 4-тармағының талаптарын сақтамаған;

8) осы Заңның 19 және 46-баптарында көзделген шектеулер сақталмаған;

9) егер нотариус нотариаттық қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабардар еткен күннен бастап үш ай өткен соң іс жүзінде нотариаттық қызметке кіріспеген;

10) нотариус осы Заңның 18-бабы 13) тармақшасының талаптарын сақтамаған;

11) нотариаттық әрекеттерді жүзеге асыруы кезінде нотариус Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауаптылыққа бірнеше (он екі ай ішінде екі және одан көп) рет тартылған жағдайларда, алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұрады.

Егер бұрын жасалған тәртіптік теріс қылық үшін тәртіптік жаза белгіленген тәртіппен алып тасталған болса, тәртіптік теріс қылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды;

12) нотариус Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзған;

13) нотариус осы Заңның 4-3-бабында көзделген нотариаттық әрекеттерді жасағаны туралы мәліметтерді бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге енгізу мерзімдерін бірнеше (он екі ай ішінде екі және одан көп) рет бұзған жағдайларда, алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұрады.

2-1. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жалпы негіздерден басқа, нотариус лицензиясының қолданысы:

1) нотариус мемлекеттік қызметте болған;

2) нотариус мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ақы төленетін, тұрақты немесе жұмыстан босатылатын негізде өз қызметін атқаратын Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты немесе мәслихат депутаты болып сайланған;

3) нотариус мерзімді әскери қызметті өткерген;

4) өз өкілеттігін орындамауы туралы нотариустың өтінішінде көрсетілген кезеңге тоқтатыла тұрады.

2-2. Нотариус лицензиясының қолданысы мынадай жағдайларда көрсетілген мерзімге:

1) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиядан айыру туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған жағдайда – сот актісі заңды күшіне енгенге дейін;

2) прокурор қылмыстық іс бойынша нотариусқа қатысты айыптау актісін жасаған жағдайда – үкім заңды күшіне енгенге дейін;

3) прокурор айыптау хаттамасын, сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру хаттамасын, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекіткен және қылмыстық істі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тиісті бабы (баптары) бойынша сотқа жіберу туралы шешім қабылдаған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 617-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен процестік келісім жасаумен аяқталған жағдайда – сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

3. Нотариус лицензиясының қолданысын тоқтата тұру туралы шешімде лицензияның қолданысын тоқтата тұру себептері мен мерзімі көрсетілуге тиіс. Тоқтата тұруға себеп болған, осы баптың 2-тармағында көзделген мән-жайлар жойылған кезде, нотариус тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлардың жойылғаны туралы мәліметтерді ұсынған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде лицензиар лицензияның қолданысын қайта бастау туралы шешім шығарады.

3-1. Осы баптың 2-1-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатыла тұрған нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданысын қайта бастау нотариустың өтініші бойынша лицензиардың шешімі негізінде күнтізбелік он күн ішінде жүзеге асырылады.

4. Нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру тоқтатылған кезеңде нотариаттық іс-әрекеттер жасалуына тыйым салуға және нотариустың мөрін аумақтық әділет органына тапсыруына әкеп соғады.

5. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешім лицензиардың интернет-ресурсында орналастырылады. Қабылданған шешім туралы нотариус, нотариаттық палата хабардар етіледі.

6. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе қайта бастаудан бас тарту туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

7. Нотариус лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған жағдайда аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата, нотариаттық цифрлық архивті қоса алғанда,

нотариустың қағаздағы және электрондық түрдегі құжаттарын Қағидаларда көзделген тәртіппен басқа нотариусқа беру жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408, 2009.08.28 № 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2021 № 88-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Нотариусты лицензиясынан айыру

Прокуратура органдарының, не уәкілетті органның, не Республикалық нотариаттық палатаның талап қоюы бойынша сот шешімімен мынадай жағдайларда:

1) алып тасталды

2) жекеше нотариус Нотариустың әдеп кодексін бірнеше (екі және одан көп) рет бұзғанда;

3) нотариус нотариаттық әрекеттер жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше (екі және одан көп) рет бұзғанда;

3-1) нотариус Қазақстан Республикасының заңнамасын мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне нұқсан келтіріп бұзғанда;

4) лицензияның күшін тоқтата тұру себептері жойылмағанда;

5) лицензия беруге негіз болып табылатын құжаттарда нотариустың дәйектемесіз немесе қасақана бұрмаланған ақпарат беру фактісі анықталғанда;

5-1) нотариустың көмекшісінің және (немесе) тағылымдамадан өтушісінің нотариустың мөрін пайдалану және нотариус үшін нотариаттық актіге қол қою фактісі анықталғанда;

5-2) нотариустың электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін басқа тұлғаларға заңсыз беру фактісі анықталғанда;

6) осы Заңның 10-бабының 2-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, лицензияның күші үш мәрте тоқтатылғанда;

7) алып тасталды – ҚР 26.12.2011 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) нотариус кәсіптік қызметін аумақтық әділет органын хабардар етпей жүзеге асырғанда;

9) нотариус Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бірнеше (екі және одан көп) рет бұзғанда нотариус лицензиясы кері қайтарып алынады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.07.11 № 235, 2003.05.05 № 408, 26.12.2011 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Нотариус лицензиясының күшін тоқтату

1. Лицензиясынан айырылған жағдайда, сондай-ақ уәкілетті органның шешімі бойынша мынадай жағдайларда:

- 1) нотариус өз тілегімен өтініш бергенде;
- 2) нотариус азаматтығын өзгерткенде немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрғылықты мекен-жайына кеткенде;
- 3) нотариус қайтыс болғанда;
- 4) қылмыс жасағаны үшін нотариусқа қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгенде;

4-1) нотариусқа қатысты ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шыққанда;

5) нотариус заңдарда белгіленген тәртіппен іс-әрекет жасауға қабілетсіз не іс-әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі деп танылғанда;

5-1) нотариустың көмекшісінің және (немесе) тағылымдамадан өтушісінің нотариустың мөрін пайдалану және нотариус үшін нотариаттық актіге қол қою фактісі анықталғанда;

6) денсаулық жағдайына байланысты нотариустың өз кәсіптік міндеттерін атқаруы мүмкін болмағанда (медициналық қорытынды негізінде);

7) нотариус хабар-ошарсыз кеткен деп танылғанда немесе қайтыс болған деп жарияланғанда нотариус лицензиясының күші тоқтатылады.

2. Нотариус лицензиясының күшін тоқтату туралы ұсынысты тиісті нотариат палатасы мен аумақтық әділет органы енгізеді.

3. Нотариус лицензиясының қолданысы тоқтатылған жағдайда аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата, нотариаттық цифрлық архивті қоса алғанда, нотариустың қағаздағы және электрондық түрдегі құжаттарын басқа нотариусқа немесе жеке нотариаттық архивке беру жөнінде, сондай-ақ лицензияны лицензиарға беру үшін алып қою және нотариустың мөрін жою жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

4. Нотариус лицензиясының күші тоқтатылуына байланысты даулар сот тәртібімен шешіледі.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408, 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

13-бап. Мемлекеттік нотариус

Ескерту. 13-бап алып тасталды - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-бап. Мемлекеттік нотариат кеңсесі

1. Мемлекеттік нотариат кеңсесі аумақтық әділет органының құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оның заңды тұлға құқығы болмайды және осы орган бекіткен Ереже негізінде жұмыс істейді.

2. Мемлекеттік нотариат кеңселері Қазақстан Республикасының аудандарында (қалаларында) орналасады.

15-бап. Жеке практикамен айналысатын нотариус

1. Заңды тұлға құрмай, лицензия негізінде нотариаттық қызметті жүзеге асыратын, нотариаттық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырған, нотариаттық палатаға мүше болған азамат жеке практикамен айналысатын нотариус деп танылады.

2. Жеке практикамен айналысатын нотариус банк мекемелерінде ағымдағы шоттар ашуға, еңбек заңдарына сәйкес көмекшілер, техникалық қызметкерлер жалдап, оларды жұмыстан босатуға, нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан алынған табысқа билік етуге, соттарда өз атынан сөз сөйлеуге және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да іс-әрекеттер жасауға құқылы.

3. (3-тармақтың нормаларының заңдық күші жойылды және қолданылуға жатпайды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2005 жылғы 31 қаңтардағы № 1 қаулысымен).

4. Жеке практикамен айналысатын нотариустың жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдерінің еркін кіріп-шығуына, нотариаттық құпияны сақтауға және нотариаттық іс жүргізудің сақталуын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға жарамды бір үй-жайы болуға тиіс.

Нотариус нотариаттық палатаның мүшелігіне кірген күннен бастап бір ай ішінде аумақтық әділет органына өзінің үй-жайының орналасқан жерін көрсете отырып, нотариаттық қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама жіберуге міндетті.

Нотариус нотариаттық қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабардар еткен немесе нотариустың үй-жайының орналасқан жерін оған белгіленіп берілген

аумақ шегінде өзгерту туралы оның өтініші келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органы осы үй-жайдың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізуге міндетті.

Нотариус нотариаттық қызметті жүзеге асыруды тоқтату туралы хабарламаны аумақтық әділет органына жібергенге дейін, нотариаттық цифрлық архивті қоса алғанда, өз сақтауында болатын қағаздағы және электрондық түрдегі барлық құжатын басқа нотариусқа немесе жеке нотариаттық архивке беруге, нотариустың мөрін аумақтық нотариаттық палатаға тапсыруға міндетті.

5. <*>

6. <*>

7. Олар осы баптың 4-тармағының талаптарын сақтаған жағдайда бір үй-жайда бір немесе бірнеше нотариус жұмыс істей алады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.12.24 № 276, 2003.05.05 № 408, 2009.07.11 № 185-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.26 № 516 -IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Жекеше нотариустың қызметін сақтандыру

1. Жекеше нотариус осы Заңның 34-бабының 1-тармағында көзделген нотариаттық әрекеттер жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасуға міндетті және оның мұндай шарт болмағанда нотариаттық іс-әрекеттер жасауға кірісуге құқығы жоқ.

2. Нотариустың нотариаттық іс-әрекеттер жасауы нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен.

17-бап. Нотариустың құқықтары

Нотариус:

1) өзіне жүгінген жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне сәйкес осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында көзделген нотариаттық іс-әрекеттер жасауға;

2) консультация беруді жүзеге асыруға;

3) құжаттардың көшірмелерін және олардың үзінділерін әзірлеуге;

4) алып тасталды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға қажетті құжаттар мен мәліметтер талап етуге;

6) ғылыми, педагогтік және шығармашылық қызметпен айналысуға;

7) <*>

8) татуластыру рәсімдерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының медиация туралы заңнамасына сәйкес медиатор ретінде медиацияны жүргізуге;

9) төрелік талқылауда төреші болып сайлануға (тағайындалуға);

10) бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың цифрлық жүйелерінен мәліметтер алуға;

11) сенімгерлік басқаруға берілген және коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы өзінің меншігіндегі үлестерден (акциялар пакеттерінен) және өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, пайдаланылуы кіріс әкелетін өзге де мүліктен кіріс алуға құқылы.

Мүлікті сенімгерлік басқару шарты нотариаттық түрде куәландырылуға тиіс.

Нотариус өзіне тиесілі облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын сенімгерлік басқаруға бермеуге құқылы.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2000.03.29 № 42, 2003.05.05 № 408, 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-1-бап. Консультация беру

Нотариустың жеке және заңды тұлғаларға:

1) нотариаттық әрекеттер жасауға тікелей байланысты емес құқықтық сипаттағы ауызша және жазбаша консультациялар жүргізу;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мәмілелер жобаларын, өтініштер мен басқа да құжаттарды жасау нысанында өтеулі негізде заң көмегін көрсетуі консультация беру болып табылады.

Ескерту. Заң 17-1-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. Нотариустың міндеттері

Нотариус:

1) осы Заңның, "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының нотариат қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес нотариаттық әрекеттер, сондай-ақ электрондық тіркеуге байланысты әрекеттер жасауға ;

2) азаматтарға және заңды тұлғаларға құқықтар мен міндеттерді түсіндіруге, олардың заңды білмегендігі өздеріне зиян келтіруге пайдаланылуы мүмкін болмауы үшін, жасалған нотариаттық іс-әрекеттерінің салдарлары жөнінде ескертуге;

3) кәсіптік қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпия ұстауға;

3-1) жасалған нотариаттық әрекеттер туралы мәліметтерді және осы Заңда көзделген өзге де мәліметтерді бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге уақтылы енгізуге;

3-2) бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйемен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасының талаптарын сақтауға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға;

5) кәсіптік әдепті сақтауға;

6) әділет органына және (немесе) нотариаттық палатаға өз іс-әрекеттеріне түскен шағымдар бойынша өзі жасаған нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер, өзге құжаттар, ал қажет болған жағдайларда жеке түсініктемелер, оның ішінде кәсіптік әдеп талаптарын сақтамау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге;

7) өз лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған жағдайда, нотариаттық цифрлық архивті қоса алғанда, қағаздағы және электрондық түрдегі құжаттарын Қағидаларда көзделген тәртіппен басқа нотариусқа беруге;

7-1) мөрін лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған кезеңде – аумақтық әділет органына, лицензияның қолданысы тоқтатылған жағдайда аумақтық нотариаттық палатаға тапсыруға;

8) өз лицензиясының қолданысы осы Заңның 12-бабы 1-тармағының 1), 2), 4), 4-1) және 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, нотариаттық цифрлық архивті қоса алғанда, өз сақтауында болатын қағаздағы және электрондық түрдегі барлық құжатын басқа нотариусқа беруге;

9) өз тегінің, атының, әкесінің атының (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және өзінің үй-жайы орналасқан жердің өзгеруі жөніндегі мәліметтерді бір ай ішінде аумақтық әділет органына ұсынуға;

10) бір ай бойы нотариаттық қызметті жүзеге асырмаған жағдайда, бес жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына және нотариаттық палатаға хабарлауға;

10) жеке тұлғалардың мәмілелері мен шарттары жөніндегі мәліметтерді Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған нысан бойынша, белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік кіріс органдарына ұсынуға;

11) кәсіби біліктілігін арттыруға міндетті.

2. Алып тасталды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Алып тасталды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.08.28 № 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.21 № 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 № 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.11.2016 № 26-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 359-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Нотариустың қызметін шектеу

1. Нотариустың:

1) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оның ішінде ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға немесе ақы төленетін өзге де қызметпен айналысуға;

2) шарттарды жасасу, өзгерту және бұзу кезінде делдалдық қызмет көрсетуге;

3) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ақы төленетін, тұрақты немесе жұмыстан босатылатын негізде өз қызметін атқаратын Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты немесе мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда нотариус міндеттерін орындауға;

4) жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамай өз міндеттерін орындауға;

5) нотариустың мөрін оның лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңге аумақтық әділет органына тапсыруын қоспағанда, факсимилені пайдалануға және мөрін, электрондық цифрлық қолтаңбасын басқа адамға беруге;

б) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, өзінің үй-жайынан тысқары жерде қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ.

2. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, жеке практикамен айналысатын нотариустың жалдама қызметкер ретінде еңбек қатынастарында болуға құқығы жоқ.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.12.24 № 276, 2003.05.05 № 408, 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.28 № 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Нотариаттық округ

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аймақтық бөлінісіне сәйкес бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағы нотариаттық округ болып танылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен.

21-бап. Нотариустың қызмет ету аумағы

1. Нотариаттық округ шегіндегі мемлекеттік нотариустың қызмет ету аумағын аумақтық әділет органы белгілейді.

2. Жекеше нотариустың нотариаттық округ шегіндегі қызмет ету аумағын нотариаттық палата айқындайды.

Нотариус үй-жайды өзіне айқындап берілген аумақтың шегінен тыс жерде орналастыруға құқылы емес.

Нотариустың үй-жайына қойылатын талаптарды уәкілетті орган Республикалық нотариаттық палатаның ұсынысы бойынша белгілейді.

Аумақтық нотариаттық палата халыққа жекеше нотариустардың қызмет ету аумағы туралы ұдайы ақпарат беріп отырады.

3. Нотариустың қызмет ету аумағы осы Заңның 34-бабы 1-тармағының 3, 4, 5-тармақшаларында, сондай-ақ 54-бабында және 92-1-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген іс-әрекеттерді жасаған жағдайда сақталады. Басқа жағдайлардың бәрінде жеке және заңды тұлғалардың нотариаттық іс-әрекеттер жасату үшін кез келген нотариусқа жүгінуге құқығы бар.

4. Нотариаттық іс-әрекеттер жасауға арналған үй-жай осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген тәртіп бойынша белгіленген аумақ шегінде болуға тиіс.

5. Нотариаттық әрекеттер тиісті нотариаттық округтің шегінде мемлекеттік нотариат кеңсесінің үй-жайынан тыс және жекеше нотариустың үй-жайынан тыс жерлерде жасалуы мүмкін.

Көшпелі нотариаттық іс-әрекеттер мүдделі адамның өтініші негізінде нақты адамға қатысты жасалады және тұрақты сипатта болмайды.

Егер нотариаттық іс-әрекет мемлекеттік нотариат кеңсесінің үй-жайынан тыс немесе жекеше нотариустың үй-жайынан тыс жерлерде жасалса, онда құжаттың куәландыру жазбасында (нотариаттық әрекеттердің электрондық тізілімінде) оның мекенжайы мен уақыты көрсетіліп, нотариаттық іс-әрекеттің жасалған орны жазылады.

Егер тұлға нотариаттық әрекеттің жасалуына "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш білдірсе, онда нотариустың үй-жайы орналасқан жер осы нотариаттық әрекеттің жасалу орны болып есептеледі.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408, 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 31.12.2021 № 100-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-1-бап. Нотариаттық округтегі нотариустардың ең аз санын айқындау критерийлері

1. Нотариаттық округтегі нотариустардың ең аз санын уәкілетті орган аумақтық әділет органының аумақтық нотариаттық палатамен бірлесіп берген ұсынымы бойынша мынадай критерийлерге:

- 1) нотариаттық округтегі халықтың саны мен тығыздығына;
- 2) өңірдің экономикалық дамуына, географиялық орналасуына, инфрақұрылымы мен басқа да ерекшеліктерінің болуына сүйене отырып бекітеді.

2. Бос орын пайда болған және ол екі айдың ішінде жекеше нотариустармен толықтырылмаған кезде аумақтық әділет органы тиісті нотариаттық округте штат санының шегінде мемлекеттік нотариус бірлігін енгізуге құқылы.

3. Егер кейіннен көрсетілген бос орынға жекеше нотариус орналасқан жағдайда, аумақтық әділет органы бір ай ішінде мемлекеттік нотариус бірлігін қысқартуға міндетті.

Бұл ретте аумақтық әділет органы:

- 1) жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын тексеру және мемлекеттік нотариустың анықталған бұзушылықтарды жоюы;
- 2) мемлекеттік нотариустың іс жүргізуінде жатқан құжаттарды жекеше нотариусқа қабылдап алу-тапсыру;
- 3) мемлекеттік нотариустың мөрін алып қою және жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Ескерту. Заң 21-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Нотариустың мөрі, мөртабандары және электрондық цифрлық қолтаңбасы

Ескерту. 22-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Нотариустың өзінің тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), сондай-ақ мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы (мемлекеттік нотариус мөрі) не нотариус лицензиясының нөмірі мен берілген күні (жекеше нотариус мөрі) көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі, куәландыру жазбаларының мөртабандары болады.

2. Нотариустардың мөрінің бедерлері мен қолының үлгілері аумақтық әділет органында, сондай-ақ нотариаттық палатада сақталады.

3. Нотариаттық әрекеттер жасау үшін мөрге тапсырысты және оны нотариустарға беруді жүзеге асыруды мемлекеттік нотариус үшін – аумақтық әділет органы, жекеше нотариус үшін аумақтық нотариаттық палата жүргізеді.

Жекеше нотариустың мөрін дайындау оның өз қаражаты есебінен, ал, мемлекеттік нотариуске бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Электрондық құжаттармен нотариаттық әрекеттер жасауды және мәліметтерді бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге енгізуді нотариус электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.06.28 № 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері аппаратының нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдарын аттестациялау

Осы Заңның 1-бабындағы 2-тармақтың 2) тармақшасында аталған адамдар уәкілетті орган бекітетін Аттестация туралы ережеге сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасау құқығын алу үшін аумақтық әділет органында аттестациядан өтеді.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

24-бап. Нотариустың және нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдардың жауапкершілігі

1. Нотариус және осы Заңмен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдар заңсыз әрекеттер жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қылмыстық, әкімшілік, материалдық, тәртіптік және өзге де түрде жауапты болады.

2. Жеке практикамен айналысатын нотариус өзінің кәсіптік міндеттері мен әдеп нормаларын бұзған жағдайда, оны нотариаттық палата Қазақстан Республикасының заңнамасына, Нотариустың әдеп кодексіне сәйкес жауапқа тартады.

3. Жекеше нотариустың нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы салдарынан жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залалға мемлекет жауапты болмайды.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.06.28 № 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-1-бап. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы

Ескерту. 24-1-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Нотариаттың палатаның тәртіптік комиссиясы нотариаттық палата мүшелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Нотариустың әдеп кодексінің, нотариаттық палата жарғысының талаптарын, нотариаттық палатаға мүшелік шарттарын бұзғаны туралы жүгінімдерді, шағымдарды (бұдан әрі – шағым) қарау жөніндегі орган болып табылады.

Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының құрамына нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысында сайланатын, кемінде бес жыл нотариаттық қызмет өтілі бар кемінде төрт нотариус, сондай-ақ әділет органдары ұсынған жұртшылықтың үш өкілі енгізіледі.

Алынбаған тәртіптік жазасы жоқ нотариус нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының төрағасы болып табылады.

Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі төрт жылды құрайды.

Бір адам бір реттен артық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының төрағасы бола алмайды.

Шағымдарды қарау тәртібін Республикалық нотариаттық палата осы Заңның талаптарын ескере отырып айқындайды.

Шағым келіп түскен күнінен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралады.

2. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы шағымдарды қарау кезінде шағымдарды жіберген адамдарды, сондай-ақ нотариаттық палатаның өздеріне қатысты шағым қаралатын мүшелерін өзінің отырыстарына шақыруға міндетті.

Әділет органдары тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы ұсыну енгізген жағдайда, оны қарау әділет органы өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Шағымды қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген көрсетілген адамдардың келмеуі оны қарауға кедергі болмайды.

3. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы мынадай тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;

4) лицензиарға және (немесе) Республикалық нотариаттық палатаға нотариусты лицензиясынан айыру жөнінде талап қоюды дайындау туралы өтінішхат бере отырып, нотариаттық палатадан шығару.

4. Алып тасталды - ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Осы баптың 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шешімдер нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады және көрсетілген орган оларды қабылдаған күннен бастап күшіне енеді. Осы баптың 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген шешімдер нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы мүшелерінің кемінде үштен екісінің даусымен қабылдануы мүмкін.

6. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы нотариаттық палатаның мүшесіне қатысты тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде нотариаттық палата шешімнің көшірмесін нотариаттық палатаның мүшесіне, сондай-ақ ол бойынша шешім қабылданған шағымды жіберген адамға оның алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып жібереді.

6-1. Өзіне қатысты шағым қаралып жатқан адамның нотариаттық палатаға мүшелігі , егер оған қатысты тексеру жүргізіліп жатса немесе тәртіптік іс жүргізу қозғалса – тексеру немесе тәртіптік іс жүргізу аяқталғанға дейін, ал бұзушылықтар анықталған жағдайда нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы бұзушылық туралы және тәртіптік жазалау шарасын қолдану туралы істі қарауды аяқтағанға дейін тоқтатылмайды.

7. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдеріне Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясында немесе сотта дау айтылуы мүмкін.

Ескерту. 2-тарау 24-1-баппен толықтырылды – ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-2-бап. Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы

1. Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдеріне шағымдарды қарайды, тәртіптік практиканы жинақтап қорытады.

Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы Республикалық нотариаттық палатаның съезі сайлайтын және оған есеп беретін Республикалық нотариаттық палатаның тәуелсіз органы болып табылады. Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы шешімдерінің міндетті сипаты болады.

Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының құрамына нотариаттық палатаның ұсынуы бойынша – кемінде бес жыл нотариаттық қызмет өтілі бар төрт нотариус, уәкілетті органның ұсынысы бойынша жұртшылықтың үш өкілі енгізіледі.

Алынбаған тәртіптік жазасы жоқ нотариус Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының төрағасы болып табылады.

Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі төрт жылды құрайды.

Бір адам бір реттен артық Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының құрамында бола алмайды.

2. Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы шағымды қарау кезінде шағымды жіберген адамды, сондай-ақ нотариаттық палатаның өзіне қатысты шағым қаралатын мүшесін өз отырысына шақыруға міндетті.

Шағымды қараудың уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, аталған адамдардың келмеуі оны қарауға кедергі болмайды.

3. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарау нәтижелері бойынша Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының:

1) шағымды қанағаттандырусыз, ал нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімін өзгеріссіз қалдыруға;

2) нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы шешімінің күшін жоюға;

3) істі нотариаттық палатаның тиісті тәртіптік комиссиясына жаңадан қарауға жіберуге және нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясын белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттеуге құқығы бар.

Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының отырысы, егер оған оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, құқықты деп есептеледі.

Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімі отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

4. Республикалық нотариаттық палата тәртіптік комиссиясының жұмысын жинақтап қорыту Республикалық нотариаттық палатаның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. Заң 24-2-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-3-бап. Тәртіптік теріс қылықтар

1. Нотариустың тәртіптік теріс қылық жасауы тәртіптік жаза қолдануға негіз болып табылады.

2. Нотариустың өз кәсіби міндеттерін тиісінше орындамауы немесе орындамауы, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Нотариустың әдеп кодексінің, Республикалық нотариаттық палата органдары, нотариаттық палаталар шешімдерінің талаптарын бұзуы тәртіптік теріс қылық деп танылады.

3. Нотариустың тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін бір тәртіптік жаза ғана қолданылуы мүмкін.

Ескерту. Заң 24-3-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Нотариаттық іс-әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға шағымдану

Нотариаттық іс-әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға түскен шағымдарды азаматтық іс жүргізу заңдарының нормаларына сәйкес соттар қарайды.

3-тарау. Нотариаттық палата

26-бап. Нотариаттық палата

1. Нотариаттық палата жекеше практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, сондай-ақ жекеше нотариустардың Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасын, кәсіби және әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету үшін құрылатын коммерциялық емес кәсіби өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

2. Нотариаттық палатаның қызметі осы Заңмен және жарғымен реттеледі. Нотариаттық палата заңды тұлға болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс.

3. Қазақстан Республикасының әрбір облысы, республикалық маңызы бар қалалары мен астанасы аумағында бір нотариаттық палата құрылады.

4. Республикалық нотариаттық палата аумақтық нотариаттық палаталардың міндетті мүшелігіне негізделген, оларды біріктіретін, коммерциялық емес кәсіптік өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

5. Осы Заңның 6-бабының талаптарына адамның сәйкес келмеген жағдайларынан басқа, нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар адамды нотариаттық палатаға мүше етуден бас тартуға болмайды.

Нотариаттық палатаның жарғысында көзделген мүшелік жарналарды қоспағанда, нотариаттық палаталардың кіру жарнасын немесе өзге де жарналар мен төлемдерді алуына жол берілмейді.

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Зандарымен.**

26-1-бап. Нотариаттық палатаның басқару органдары

1. Нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы нотариаттық палатаның жоғары басқару органы болып табылады.

Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне:

- 1) нотариаттық палатаның жарғысын қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) нотариаттық палатаның төрағасын, басқарманың, ревизиялық және тәртіптік комиссиялардың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтату;
- 3) нотариаттық палата қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;
- 3-1) нотариаттық палата органдарының қызметі туралы есептерді бекіту;
- 3-2) нотариаттық палатаның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есепті бекіту;
- 4) нотариаттық палатаның бюджетін бекіту жатады.

Нотариаттық палатаның жарғысында шешімдер қабылдау бойынша жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер көзделуі мүмкін.

2. Нотариаттық палатаға басшылықты нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысында сайланған нотариаттық палатаның басқармасы мен төрағасы жүзеге асырады.

3. Басқарма мүшелері төрт жыл мерзімге жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

4. Құрамына кемінде бес адам кіретін басқарма нотариаттық палатаның басқару органы болып табылады.

5. Нотариаттық палата мүшелерінің жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ нотариаттық палатаның төрағасы мен басқару органдарының өкілеттіктері нотариаттық палатаның жарғысында айқындалады.

Ескерту. Заң 26-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс

енгізілді - ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

26-2-бап. Нотариаттық палатаның төрағасы

1. Нотариаттық палатаның төрағасы болып оны сайлаған күнге дейін тікелей кемінде бес жыл нотариаттық палатаның мүшесі болған және алынбаған тәртіптік жазасы жоқ нотариус сайланады.

Нотариаттық палатаның төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады.

Бұл ретте сол бір адам бір реттен артық нотариаттық палатаның төрағасы лауазымын атқара алмайды.

2. Нотариаттық палатаның төрағасы:

1) нотариаттық палатаның жұмысын ұйымдастырады, нотариаттық палатаға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) нотариаттық палатаның жұмысына басшылық жасайды, нотариаттық палатаның қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдарда нотариаттық палатаның мүддесін білдіреді;

4) нотариаттық палата жарғысында көзделген, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. Заң 26-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

26-3-бап. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясы

1. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясы нотариаттық палатаның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады.

2. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясы нотариаттық палата мүшелерінің қатарынан, бес адамнан аспайтын құрамда қалыптастырылады. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясының мүшелері нотариаттық палатада өзге сайланбалы лауазымды атқаруға құқылы емес.

Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясының мүшелері өз қызметін ерікті негіздерде өтеусіз жүзеге асырады.

3. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясын нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы төрт жыл мерзімге сайлайды.

4. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясы кез келген уақытта нотариаттық палатаның қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Нотариаттық

палатаның ревизиялық комиссиясы осы мақсатта нотариаттық палатаның бүкіл қаржылық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Нотариаттық палатаның органдары нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясының талап етуі бойынша ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсініктер беруге міндетті.

5. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясы нотариаттық палата мүшелерінің кезекті жалпы жиналысына есеп ұсынады.

6. Нотариаттық палатаның ревизиялық комиссиясының жұмыс тәртібін, есептер ұсыну мерзімділігін нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы айқындайды.

Ескерту. Заң 26-3-баппен толықтырылды – ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-бап. Нотариаттық палатаның өкілеттігі

1. Нотариаттық палата:

1) жекеше нотариустерге жалпы басшылық жасап, олардың қызметін үйлестіріп отырады;

2) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды, нотариаттық істі дамытуда оларға көмек көрсетіп, жәрдем береді;

3) жекеше нотариустардың Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасын, кәсіби және әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

3-1) жекеше нотариустардың Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауы бойынша жұмысты ұйымдастырады;

3-2) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде Республикалық нотариаттық палатаға жыл сайын осындай ақпарат бере отырып, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын жинақтап қорытады және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) нотариустың лицензиясының күшін тоқтата тұру, кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныс енгізеді;

5) нотариаттық іс-әрекет жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды ұйымдастырады;

5-1) жекеше нотариустардың өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаруы және жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан

Республикасы заңдарының өзге де талаптарын бұзу жағдайлары туралы аумақтық әділет органдарын хабардар етеді;

6) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;

7) өз мүшелерінің қызметіне байланысты істер бойынша сот белгілеген сараптама шығындарын өтейді;

8) алып тасталды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) жеке және заңды тұлғалардың нотариаттық қызмет мәселелері бойынша жолданымдарын қарайды;

10) нотариустардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

11) жасалған нотариаттық әрекеттерді есепке алуды жүргізеді;

12) өзінің интернет-ресурсында:

нотариаттық палаталар мүшелерінің жаңартылған күйдегі тізімін;

Нотариустың әдеп кодексін;

нотариустардың біліктілігін арттыру туралы ережені;

нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы, нотариаттық палатаның басқармасы қабылдаған шешімдерді;

нотариаттық палата тәртіптік комиссиясының жұмысын жинақтап қорытуды;

нотариаттық палатаның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы, әрбір өзіндік ерекшелік бойынша жеке-жеке барлық түсімдер мен шығыстар туралы ақпарат қамтылатын есепті;

нотариаттық палатаның қызметі туралы есептерді;

нотариаттық палатаның қызметі туралы өзге де қажетті ақпаратты орналастырады;

13) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жекеше нотариустардың мөрлерін жасауға тапсырысты жүзеге асырады және оларды беруді жүргізеді;

14) жекеше нотариустар мөрлерінің бедерлері мен қолтаңбаларының үлгілерін аумақтық әділет органына жібереді.

1-1. Нотариаттық палатаның басқармасы:

1) нотариаттық палатаның жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету бойынша жұмысын ұйымдастырады;

2) нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысын шақырады, нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) нотариаттық палатаға мүшелікке қабылдауды жүзеге асырады, нотариаттық палатаға мүшеліктен шығарады;

4) Республикалық нотариаттық палатаға нотариаттық палатаның қызметі туралы қорытылған есептерді ұсынады;

5) алып тасталды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) алып тасталды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) лицензиарға нотариусқа қатысты нотариус лицензиясының қолданысын тоқтата тұру, одан айыру және оның қолданысын тоқтату туралы ұсыну енгізеді;

8) оң жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

9) нотариаттық палатаның қаражатына нотариаттық палатаның жарғысында айқындалатын және нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы айқындайтын тәртіппен билік етеді;

10) бухгалтерлік есепке алудың, қаржылық есептіліктің, іс қағаздарының жүргізілуін және бастапқы статистикалық деректердің қалыптастырылуын ұйымдастырады;

11) нотариаттық палатаның мүлкіне билік ету тәртібін айқындайды;

12) нотариаттық палата мүшелері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылғаннан басқа, нотариаттық палата қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

2. Нотариаттық палата жекеше нотариустың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы мәселені қараған кезде нотариустан жасалған нотариаттық әрекеттер туралы мәліметтерді, ал қажет болған жағдайларда – өз түсініктемелерін, оның ішінде кәсіптік әдепті сақтамау мәселелері бойынша түсініктемелерін ұсынуын талап етуге құқылы.

3. Нотариаттық палата жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша Республикалық нотариаттық палата мен аумақтық әділет органына қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде өзінің қызметі туралы ақпарат беріп отырады.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408, 2003.06.11 № 437, 2010.07.15 № 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.26 № 516 -IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.08.2015 № 343-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.07.2022 № 131-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Нотариаттық палатаның жарғысы

1. Нотариаттық палатаның жарғысында мыналар көзделуге тиіс:

1) атауы, қызметінің мақсаттары мен негізгі түрлері;

2) палатаның құқықтары мен міндеттері;

3) мүше болу, мүшелікті тоқтата тұру және одан айрылу шарттары мен тәртібі;

3-1) мүшелердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі;

3-2) нотариаттық палата мүшелерінің тәртіптік жауаптылығы және оған тартудың осы Заңның талаптарына сәйкес тәртібі;

4) басшы органдарды құру тәртібі, олардың атқаратын қызметтері мен өкілеттік мерзімі;

5) нотариаттық палатаның ақша қаражаты мен өзге де мүлкін қалыптастыру көздері мен тәртібі және оны пайдалану бағыттары, нотариаттық палаталардың мүлікке билік ету шектері, нотариаттық палатаның мүлікті пайдалануын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;

5-1) мүшелік жарналарды төлеу тәртібі;

6) жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;

7) палатаны қайта құру мен тарату тәртібі, таратылған жағдайдағы мүліктің тағдыры.

2. Нотариаттық палатаның жарғысында заңдарға қайшы келмейтін өзге де ережелер болуы мүмкін.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408; 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-1-бап. Республикалық нотариаттық палатаның органдары

1. Мыналар Республикалық нотариаттық палатаның органдары болып табылады:

1) жоғары орган – Республикалық нотариаттық палатаның съезі;

2) атқарушы орган – Республикалық нотариаттық палатаның басқармасы;

3) бақылаушы орган – ревизиялық комиссия.

Республикалық нотариаттық палатада Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы құрылады.

2. Республикалық нотариаттық палатаның жарғысында көзделген жағдайларда Республикалық нотариаттық палатада Республикалық нотариаттық палатаның съезі қабылдайтын ережелер негізінде жұмыс істейтін ғылыми-консультациялық кеңес және басқа да органдар құрылуы мүмкін.

Ескерту. Заң 28-1-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

28-2-бап. Республикалық нотариаттық палатаның съезі

1. Республикалық нотариаттық палатаның съезі төрт жылда кемінде бір рет шақырылады. Егер Республикалық нотариаттық палата съезінің жұмысына Республикалық нотариаттық палата мүшелерінің кемінде төрттен үшінен сайланған делегаттар қатысса, ол құқықты деп есептеледі.

2. Республикалық нотариаттық палата съезінің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Республикалық нотариаттық палатаның жарғысын қабылдау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Республикалық нотариаттық палата басқармасының орналасатын жерін айқындау ;

3) Республикалық нотариаттық палатаның басқарма мүшелерін лауазымға сайлау және одан босату;

4) Республикалық нотариаттық палатаның төрағасын лауазымға сайлау және одан босату;

5) Республикалық нотариаттық палата ревизиялық комиссиясының мүшелері мен төрағасын лауазымға сайлау және одан босату;

6) Республикалық нотариаттық палата тәртіптік комиссиясының мүшелері мен төрағасын лауазымға сайлау және одан босату;

7) нотариаттық палаталардан делегаттардың Республикалық нотариаттық палатаның съезіне өкілдік ету нормаларын бекіту;

8) Нотариустың әдеп кодексін бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу ;

9) ревизиялық комиссияның Республикалық нотариаттық палатаның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебін бекіту;

10) Республикалық нотариаттық палата съезінің регламентін бекіту;

11) Республикалық нотариаттық палатаның жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. Заң 28-2-бапмен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

28-3-бап. Республикалық нотариаттық палатаның басқармасы

1. Республикалық нотариаттық палатаның басқармасы Республикалық нотариаттық палатаның алқалы атқарушы органы болып табылады.

2. Республикалық нотариаттық палатаның басқармасы:

1) Республикалық нотариаттық палатаның қызметін қамтамасыз етеді;

2) Республикалық нотариаттық палата съезі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) осы Заңның 28-2-бабына сәйкес Республикалық нотариаттық палата съезінің бекітуіне жататын құжаттарды әзірлейді;

4) уәкілетті органмен келісу бойынша нотариустардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережені бекітеді;

5) уәкілетті органмен келісу бойынша нотариустардың біліктілігін арттыру туралы ережені бекітеді;

6) Республикалық нотариаттық палата тәртіптік комиссиясының қызметі туралы ережені бекітеді;

7) нотариустардың әлеуметтік және кәсіби құқықтарын қорғайды;

8) нотариаттық палаталардың өз қызметі, нотариустардың нотариаттық қызметі туралы есептерін жартыжылдықтар бойынша жинақтап қорытады;

9) нотариаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

10) нотариаттық қызметті жүзеге асыру сапасы туралы зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;

11) нотариаттық палаталарды ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

12) Республикалық нотариаттық палатаның интернет-ресурсында:

нотариаттық қызметпен айналысатын нотариустардың тізімін, сондай-ақ нотариаттық палаталар нотариустарының жаңартылған күйдегі тізімдерін;

Қазақстан Республикасының нотариаттық қызметке қатысты нормативтік құқықтық актілерін;

Нотариустың әдеп кодексін;

нотариустардың біліктілігін арттыру туралы ережені;

Республикалық нотариаттық палатаның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы, әрбір өзіндік ерекшелік бойынша жеке-жеке барлық түсімдер мен шығыстар туралы ақпарат қамтылатын есепті;

Республикалық нотариаттық палата басқармасының құрамы туралы мәліметтерді;

Республикалық нотариаттық палата тәртіптік комиссиясының жұмысын жинақтап қорытуды;

нотариаттың іс-шаралары мен оқиғаларын;

және Республикалық нотариаттық палатаның қызметі туралы өзге де қажетті ақпаратты орналастырады;

13) Республикалық нотариаттық палатаның съезін шақырады, оның күн тәртібін қалыптастырады;

14) өз құзыреті шегінде сметаға және мүліктің мақсатына сәйкес Республикалық нотариаттық палатаның мүлкіне билік етеді;

15) Республикалық нотариаттық палата басқармасының регламентін бекітеді;

16) Республикалық нотариаттық палатаның жарғысында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Республикалық нотариаттық палата басқармасының шешімдері оның отырысына қатысып отырған мүшелердің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Ескерту. Заң 28-2-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

29-бап. Республикалық нотариаттық палатаның өкілеттігі

1. Республикалық нотариаттық палатаның қызметі осы Заңмен және оның жарғысымен белгіленеді. Республикалық нотариаттық палата заңда белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс.

2. Республикалық нотариаттық палата:

1) нотариаттық палаталардың қызметін үйлестіріп отырады;

2) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, оның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдарда нотариаттық палаталар мен нотариустардың мүдделерін білдіреді;

3) уәкілетті органның нотариат мәселелері бойынша заң жобалары жөніндегі және сарапшылық қызметіне қатысады;

4) нотариустарды оқытуды ұйымдастырады;

5) нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады, нотариат мәселелері бойынша, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әдістемелік материалдарды әзірлейді және бекітеді;

5-1) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жыл сайын осындай ақпарат бере отырып, аумақтық нотариаттық палата ұсынған мәліметтер негізінде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын талдайды, жинақтап қорытады және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) Нотариустың әдеп кодексін әзірлеп, бекітеді;

6-1) алып тасталды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) заңдарға және халықаралық шарттарға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асырады.

3. Республикалық нотариаттық палата уәкілетті органға қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде өз қызметі туралы жыл сайын ақпарат беріп отырады.

4. Республикалық нотариаттық палатаның төрағасы болып – сайланған күніне дейін тікелей кемінде бес жыл нотариаттық палатаның мүшесі болған және алынбаған тәртіптік жазасы жоқ нотариус сайланады.

Республикалық нотариаттық палатаның төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады.

Бұл ретте сол бір адам бір реттен артық Республикалық нотариаттық палатаның төрағасы лауазымын атқара алмайды.

Республикалық нотариаттық палатаның төрағасын сайлау тәртібі және оның өкілеттіктері осы Заңда және Республикалық нотариаттық палатаның жарғысында айқындалады.

Ескерту. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.07.15 № 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.07.2022 № 131-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-1-бап. Жеке нотариаттық архив

Жеке нотариаттық архив аумақтық нотариаттық палатаның филиалы болып табылады.

Жеке нотариаттық архив ұлттық архивтік қор және архивтер туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нотариаттық құжаттарды жинақтау, сақтау және пайдалану жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. Заң 29-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен.

4-тарау. Нотариаттық қызметке ақы төлеу

30-бап. Нотариаттық іс-әрекеттерге ақы төлеу

1. Мемлекеттік нотариат кеңсесінде жұмыс істейтін нотариус пен аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі аппаратының лауазымды адамы нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген ставкалар бойынша мемлекеттік баж алады.

2. Жекеше нотариустардың нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтері үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшерін уәкілетті орган бекітеді.

3. <*>

4. Қазақстан Республикасы консулдық мекемесінің лауазымды адамы нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және мөлшерде консулдық алым алады.

5. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген, жеке және заңды тұлғалар үшін нотариаттық әрекеттерге ақы төлеу бойынша жеңілдіктер осы баптың 1-

тармағында белгіленген адамдар нотариаттық әрекеттерді жасаған кезде осындай тұлғаларға қолданылады.

5-1. Жекеше нотариус жасайтын нотариаттық әрекеттер және өзге де көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеуден мыналар босатылады:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ бала жасынан мүгедектігі бар адамның, мүгедектігі бар баланың ата-анасының бірі – барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

2) "Батыр Ана" атағына ие болған, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көпбалалы аналар – барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету орталықтарында тұратын қарт адамдар – барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қорғаншылық тағайындалған созылмалы жан күйзелісі ауруымен ауыратын жеке тұлғалар – өздерінің мүлікке мұрагерлігі туралы куәліктер алғаны үшін;

5) жасына байланысты зейнеткерлер – осы Заңның 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 14), 15-1), 16) және 17) тармақшаларында белгіленген нотариаттық әрекеттерді қоспағанда, барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

6) қандастар – Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға байланысты барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

7) жетім балалар және он сегіз жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – белгіленген тарифтің 50 пайызы мөлшерінде;

8) "Қазақстан мүгедектігі бар адамдардың ерікті қоғамы" одағы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, сондай-ақ олардың өндірістік кәсіпорындары – белгіленген тарифтің 50 пайызы мөлшерінде.

6. Нотариаттық іс-әрекет жасау үшін нотариус өзінің жұмыс орнынан тыс жерге барған жағдайда мүдделі адамдар оған нақты көлік шығыстарын өтейді.

7. <*>

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.12.24 № 276, 2003.05.05 № 408, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2009.11.16 № 200-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

30-1-бап. Жекеше нотариус нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде құқықтық және техникалық сипаттағы қызметтер көрсетуге ақы төлеу

Ескерту. 30-1-бап алып тасталды – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау. Әділет органдарының нотариатты реттеу саласындағы құзыреті

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-бап. Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау – аумақтық әділет органының мемлекеттік бақылау субъектілерінің қызметін нотариат туралы заңнамада белгіленген талаптардың сақталуы тұрғысынан тексеру жөніндегі қызметі.

2. Жеке практикамен айналысатын нотариустар және аумақтық нотариаттық палаталар нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау субъектілеріне жатады.

3. Мемлекеттік бақылау субъектісінің қызметі нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау объектісіне жатады.

4. Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты – мемлекеттік бақылау субъектілері өздерінің кәсіби міндеттері мен өкілеттіктерін, оның ішінде осы Заңға сәйкес жеке нотариаттық архивтерді құру, олардың нотариаттық құжаттарды жинақтау, сақтау және пайдалану жөніндегі функцияларын ұйымдастыру бойынша өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде заңдылықты қамтамасыз ету және жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету.

5. Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылаудың міндеттері:

1) мемлекеттік бақылау субъектілерінің халыққа құқықтық қызмет көрсету саласындағы заңдылықты сақтауын қамтамасыз ету;

2) анықталған құқық бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды қабылдау;

3) нотариат туралы заңнаманың талаптарын бұзушылық профилактикасы және олардың алдын алу.

6. Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылаудың нысанасы – нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау субъектілері қызметінің нотариат туралы заңнаманың талаптарына сәйкестігі.

7. Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылауды аумақтық әділет органының лауазымды адамдары жүзеге асырады.

8. Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау жоспарлы және жоспардан тыс жүргізілетін тексерулер түрінде жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік нотариустың және аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының нотариаттық әрекеттерінің заңдылығын және іс жүргізу қағидаларын сақтауын мемлекеттік бақылауды аумақтық әділет органы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

10. Нотариустардың және аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының, салықтық міндеттемелерді орындауды және салықтық есептілік ұсынуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

11. Аумақтық әділет органдары өз құзыреті шегінде ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалатын нотариаттық әрекеттерді жүзеге асыратын нотариустардың қызметіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын қаржыландыру қауіп-қатерлерін анықтау тұрғысынан талдау мен мониторинг жүргізеді.

Ескерту. 31-бап жаңа редакцияда көзделген – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-1-бап. Аумақтық нотариаттық палаталардың қызметін бақылау

Ескерту. Заң 31-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; алып тасталды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-2-бап. Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау субъектілерінің нотариат туралы заңнамада белгіленген талаптарды сақтауы тұрғысынан жүргізілетін тексерудің түрлері

1. Мемлекеттік бақылау субъектілеріне қатысты жоспарлы тексерулерді аумақтық әділет органы автоматтандырылған режимде қалыптастырылатын және уәкілетті орган бекіткен жоспарлы тексерулерді жүргізудің жартыжылдық жоспарына сәйкес жылына екі реттен жиілетпей жүзеге асырады.

Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау субъектілерінің нотариат туралы заңнамада белгіленген талаптарды сақтауы тұрғысынан жүргізілетін тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) тексеру жүргізуді бастау алдындағы үш жылдағы мемлекеттік бақылау субъектілерінің нотариат туралы заңнамада белгіленген талаптарды сақтауы тұрғысынан жүргізілетін жоспарлы тексерулер;

2) мемлекеттік бақылау субъектілерінің нотариат туралы заңнамада белгіленген талаптарды сақтауы тұрғысынан жүргізілетін, тексеру жүргізуге негіз болған мәселелер бойынша жоспардан тыс тексерулер.

2. Жеке практикамен айналысатын нотариусты жоспарлы тексеру жүргізудің жартыжылдық жоспарына енгізудің негіздері:

- 1) алдыңғы тексерулердің нәтижелері;
- 2) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдаудың нәтижелері;
- 3) соттың мемлекеттік бақылау субъектісіне қатысты заңды күшіне енген жеке ұйғарымы және (немесе) жеке қаулысы;
- 4) жеке практикамен айналысатын нотариустың кінәсі көрсетіліп, жеке практикамен айналысатын нотариус куәландырған мәмілені жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген сот актісі;
- 5) жеке практикамен айналысатын нотариустың нотариаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиясы қолданысының тоқтатыла тұруы;
- 6) мемлекеттік бақылау субъектісінің әкімшілік жауаптылыққа тартылуы;
- 7) жеке практикамен айналысатын нотариустың тәртіптік жазасының болуы.

Аумақтық нотариаттық палаталарды жоспарлы тексеру үш жылда бір рет жүзеге асырылады.

Жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын қалыптастыру үшін талдау жасау кезінде алдыңғы жылғы ұқсас кезеңмен салыстырылатын деректер пайдаланылуы мүмкін.

Әділет органдары деректерді талдауды алдыңғы жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, құқық қорғау органдары мен соттар ұсынған мәліметтер, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, аумақтық нотариаттық палаталардан алынған мәліметтер, сондай-ақ мемлекеттік бақылау субъектісінің қызметі туралы басқа да құжаттар және (немесе) мәліметтер бойынша жүзеге асырады.

3. Уәкілетті орган жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарын аумақтық әділет органдарының жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарлары негізінде тексеруді жүргізу жылының алдындағы жылдың 10 желтоқсанынан кешіктірмей және ағымдағы күнтізбелік жылдың 10 маусымына дейін қалыптастырады және бекітеді.

Жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспары уәкілетті органның интернет-ресурсында тексеруді жүргізу жылының алдындағы жылдың 20 желтоқсанынан және ағымдағы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан кешіктірілмей орналастырылады.

Жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспары мыналарды қамтиды:

- 1) жоспардың бекітілген күні және нөмірі;
- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) тексерілетін мемлекеттік бақылау субъектісінің атауы, оның орналасқан жері;
- 4) тексеру нысанасы;
- 5) тексеруді жүргізу мерзімдері;

6) жоспарға қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы.

Жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мемлекеттік бақылау субъектісі мәртебесінің өзгеруі, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауы, төтенше жағдай режимінің енгізілуі, эпидемияның таралуы, карантиндік объектілер мен аса қауіпті зиянды организмдер, инфекциялық, паразиттік аурулар ошақтарының, уланудың, радиациялық авариялар мен соған байланысты шектеулердің туындауы немесе туындау қатері жағдайларында жүзеге асырылады.

Бұл ретте аумақтық әділет органдары жарты жылда бір рет ағымдағы күнтізбелік жылдың 5 шілдесінен және есепті жылдан кейінгі жылдың 5 қаңтарынан кешіктірмей, уәкілетті органға нотариустар мен аумақтық нотариаттық палаталарды жоспарлы тексерулер туралы есепті, сондай-ақ нотариустар мен аумақтық нотариаттық палаталарды жоспардан тыс тексерулер туралы есепті уәкілетті орган бекітетін нысандар бойынша ұсынады.

4. Арнаулы білімді қажет ететін мәселелерді түсіндіру үшін тексерулер жүргізу кезінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың мамандары, консультанттары мен сарапшылары тартылуы мүмкін.

5. Жеке практикамен айналысатын нотариустарды жоспарлы тексерулер нотариат туралы заңнамада белгіленген талаптардың сақталуы тұрғысынан:

- 1) нотариаттық іс жүргізу;
- 2) бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйені пайдалану;
- 3) нотариаттық әрекеттер жасау;

4) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуы;

5) нотариат туралы заңнамада белгіленген өзге де талаптар бөлігінде жүзеге асырылады.

Аумақтық нотариаттық палаталарды жоспарлы тексерулер нотариат туралы заңнаманың:

1) жеке нотариаттық архивтерді құру, олардың нотариаттық құжаттарды жинақтау, сақтау және пайдалану жөніндегі функцияларын ұйымдастыру;

2) жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруын ұйымдастыру;

3) нотариаттық қызметпен айналысу құқығын алуға үміттенетін адамдардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру және олардың біліктілік талаптарына сай келуі;

4) нотариаттық палатаға мүше болу шарттарын және нотариаттық палатаға мүшелікке қабылдау мен мүшеліктен шығару тәртібін сақтау;

5) нотариустарға бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге қолжетімділікті беру мен тоқтату бойынша талаптарына олардың қызметінің сәйкестігі тұрғысынан жүзеге асырылады.

6. Жоспардан тыс тексеру нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша және жоспардан тыс тексеруді тағайындауға негіз болған, растайтын дәлелдемелер болған кезде аумақтық әділет органдарының бастамасымен жүргізіледі.

Анонимдік жолданымдар келіп түскен жағдайда жоспардан тыс тексерулер жүргізілмейді.

7. Мемлекеттік бақылау субъектілерін жоспардан тыс тексерудің негіздері:

1) мемлекеттік бақылау субъектілерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

2) жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіру не нұқсан келтіру қатері туралы нақты фактілер бойынша прокурордың талаптары мен ұсынымдары;

3) нотариат туралы заңнаманың талаптарын бұзудың нақты фактілері бойынша мемлекеттік органдардың жолданымдары.

8. Аумақтық әділет органы тексерулерді жүргізу кезінде осы Заңды және осындай қызметті реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды басшылыққа алады.

Ескерту. 31-2-баппен толықтырылды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-3-бап. Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау субъектілерінің нотариат туралы заңнамада белгіленген талаптарды сақтауы тұрғысынан тексеруді жүргізу тәртібі

1. Тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде тексеру жүргізіледі.

Тексеруді тағайындау туралы акт екі данада жасалады және оған аумақтық әділет органының басшысы қол қояды.

Тексеруді тағайындау туралы акт аумақтық әділет органында электрондық құжат айналымы арқылы тіркеледі.

Жоспарлы тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасы мемлекеттік бақылау субъектісіне табыс етілген немесе хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы немесе жеткізілгенін тіркеп-белгілеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы жіберілген кезде тиісті түрде жеткізілген деп есептеледі.

Тексеруді тағайындау туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) актінің күні мен нөмірі;

2) аумақтық әділет органының атауы;

3) тексеруді жүргізуге уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;

5) мемлекеттік бақылау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік бақылау объектілерінің тізбесі;

6) тағайындалған тексерудің түрі;

7) тексеруді жүргізу мерзімі;

8) тексеру жүргізудің негіздері, оның ішінде міндетті талаптары тексерілуге тиіс Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері;

9) тексеруді жүргізу кезеңі;

10) нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау субъектісінің осы Заңның 31-4-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері;

11) актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген лауазымды адамның қолтаңбасы және аумақтық әділет органының мөрі;

12) мемлекеттік бақылау субъектісінің тексеруді тағайындау туралы актіні алғаны туралы немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы.

Аумақтық әділет органының тексеру жүргізуге келген лауазымды адамы мемлекеттік бақылау субъектісіне тексеруді тағайындау туралы актіні, өзінің мемлекеттік лауазымын растайтын құжат болып саналатын сәйкестендіру картасын ұсынады.

Тексеруді тағайындау туралы актіні мемлекеттік бақылау субъектісіне табыс еткен күн тексеру жүргізудің басталуы болып есептеледі.

Тексеруді жүргізу мерзімі:

жоспарлы тексерулер бойынша – жиырма жұмыс күнінен;

жоспардан тыс тексерулер бойынша – жеті жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тексеру жүргізу мерзімін ұзарту тексеруді ұзарту туралы актімен ресімделеді. Тексеруді ұзарту туралы актіде тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің тіркелген күні мен нөмірі және ұзарту себебі көрсетіледі.

2. Лауазымды адамның (лауазымды адамдардың) тексеруді жүргізуіне кедергі келтіргені үшін мемлекеттік бақылау субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

3. Аумақтық әділет органының лауазымды адамы (лауазымды адамдары) тексеруді жүргізу нәтижелері бойынша тексеру нәтижелері туралы акт жасайды.

4. Тексеру нәтижелері туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;

2) аумақтық әділет органының атауы;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің (бар болса, мерзімді ұзарту туралы қосымша актінің) күні мен нөмірі;

4) тексеруді жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;

6) мемлекеттік бақылау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі, тексеру жүргізу кезінде уәкілетті өкіл қатысқан кезде оның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы, мемлекеттік бақылау объектілерінің тізбесі;

7) тексеру жүргізудің күні, орны және кезеңі;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтардың болуы немесе болмауы туралы, оның ішінде олардың сипаты туралы мәліметтер;

9) бұзушылықтарды жою туралы нұсқама, онда төмендегі мерзімдер:

жоспарлы тексеру бойынша – он бес жұмыс күні белгіленіп, осы Заңның талаптарына сәйкес, белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты және анықталған бұзушылықтардың тізбесін аумақтық әділет органына ұсыну қажеттілігіне нұсқау жасалады;

жоспардан тыс тексеру бойынша – жеті жұмыс күні белгіленіп, осы Заңның талаптарына сәйкес, белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты және анықталған бұзушылықтардың тізбесін аумақтық әділет органына ұсыну қажеттілігіне нұсқау жасалады.

Анықталған бұзушылықтарды жою мүмкін болмаған жағдайда, бұзушылықтарды жою мерзімі белгіленбейді, бұл жөнінде тексеру нәтижелері туралы актіде көрсетіледі.

Бұл ретте мемлекеттік бақылауды жүргізген лауазымды адамдар бес жұмыс күні ішінде бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген бұзушылықтардың жойылуының анық фактісін бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе арқылы да, нотариаттық іс материалдары бойынша да анықтайды;

10) мемлекеттік бақылау субъектісінің, сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде қатысқан адамдардың тексеру нәтижелері туралы актімен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны, олардың қол қойғаны немесе қол қоюдан бас тартқаны туралы мәліметтер;

11) тексеруді жүргізген лауазымды адамның (лауазымды адамдардың) қолтаңбасы.

Тексеру нәтижелерімен байланысты құжаттар бар болса, осындай құжаттар немесе олардың көшірмелері тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі.

5. Тексеру нәтижелері туралы актінің электрондық түрдегі бірінші данасы мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органға және оның аумақтық органдарына жіберіледі, қағаз жеткізгіштегі екінші данасы танысу және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау және басқа да әрекеттер жасау

үшін тексерілетін мемлекеттік бақылау субъектісіне қол қойғызып табыс етіледі немесе электрондық түрде жіберіледі, үшінші данасы аумақтық әділет органында қалады.

Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда мемлекеттік бақылау субъектісі не оның уәкілетті өкілі ескертулерін және (немесе) қарсылықтарын жазбаша түрде баяндайды.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, ол жөнінде тиісті белгі жасалады.

Аумақтық әділет органы тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік бақылау субъектісінің тексеру нәтижелері туралы ескертулерін және (немесе) қарсылықтарын қарауға және үш жұмыс күні ішінде уәжді жауап ұсынуға міндетті.

Тексеру нәтижелері туралы актіні қабылдаудан бас тартылған жағдайда акт жасалып, оған тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адам (лауазымды адамдар) және мемлекеттік бақылау субъектісі не оның уәкілетті өкілі қол қояды.

6. Тексеру нәтижелері туралы актіні мемлекеттік бақылау субъектісіне табыс еткен күн тексеру мерзімінің аяқталуы болып есептеледі.

Тексеру нәтижелері туралы акт тексеруді тағайындау туралы актіде немесе тексеру мерзімдерін ұзарту туралы актіде көрсетілген тексеру мерзімдері аяқталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей табыс етіледі (жіберіледі).

Тексеру нәтижелері туралы акт мемлекеттік бақылау субъектісіне табыс етілген немесе хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы немесе жеткізілгенін тіркеп-белгілеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы жіберілген кезде тиісті түрде жеткізілген деп есептеледі.

7. Мемлекеттік бақылау субъектілері бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймаған кезде аумақтық әділет органы анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жоюға мәжбүр ету туралы сотқа талап қоюмен жүгінуге міндетті.

8. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын адамдар бақылау іс-шараларын жүзеге асыру кезінде мәлім болған нотариаттық әрекеттерді жасау құпиясын сақтауға міндетті. Бұл адамдар құпияны жария еткені және нотариусқа келтірген нұқсан үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Ескерту. 31-3-баппен толықтырылды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-4-бап. Нотариаттық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау субъектілерінің құқықтары мен міндеттері

1. Мемлекеттік бақылау субъектілері аумақтық әділет органының тексеру жүргізуге келген лауазымды адамдарын мынадай жағдайларда:

1) осы Заңның 31-3-бабы 1-тармағының сегізінші және тоғызыншы бөліктерінде белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін, тексеруді тағайындау туралы актіде (бар

болса, мерзімді ұзарту туралы қосымша актіде) көрсетілген мерзімдер асып кеткенде не өтіп кеткенде;

- 2) тексеруді жүргізу тиісті өкілеттіктері жоқ лауазымды адамдарға тапсырылғанда;
- 3) тексеру жүргізудің негіздері болмағанда;
- 4) тексеру тағайындау туралы акт болмағанда немесе ұсынылмағанда;

5) жоспарлы тексеруді тағайындау кезінде хабарлама болмағанда, сол сияқты тексерудің басталғаны туралы хабарлау мерзімдері сақталмағанда, тексеруге жібермеуге құқылы.

2. Мемлекеттік бақылау субъектілері:

1) тексеруді тағайындау туралы актіні алғаннан кейін аумақтық әділет органының лауазымды адамдарының үй-жайға кедергісіз кіруін және нотариаттық құжаттарға, оның ішінде бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеге кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) егер осы Заңда не Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, тексеру жүргізу кезеңінде тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне жол бермеуге;

3) тексерудің міндеттері мен нысанына сәйкес, аумақтық әділет органының лауазымды адамдарына тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін, сондай-ақ цифрлық жүйелерге қолжетімділік беруге;

4) тексеру нәтижелері туралы актімен танысу үшін аумақтық әділет органының лауазымды адамдарының шақыруы бойынша келуге міндетті.

3. Аумақтық әділет органдары тексеруді жүзеге асыру кезінде мемлекеттік бақылау субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда, мемлекеттік бақылау субъектісі аумақтық әділет органының және оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібімен жоғары тұрған мемлекеттік органға шағым жасауға құқылы. Сотқа жүгінім осы тәртіп сақталғаннан кейін берілуі мүмкін.

4. Егер аумақтық әділет органы жоспарлы немесе жоспардан тыс тексерулерді мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын осы тарауда белгіленген талаптарды бұза отырып жүргізген болса, осындай тексерулер жарамсыз деп танылады.

Жоспарлы немесе жоспардан тыс тексеруді жарамсыз деп тану жоғары тұрған мемлекеттік органның немесе соттың осы тексеру актісінің, тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жоюына негіз болады.

Мемлекеттік бақылау субъектісінің жоспарлы немесе жоспардан тыс тексерудің жарамсыздығына байланысты актінің күшін жою жөніндегі, анықталған

бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жою жөніндегі өтінішін жоғары тұрған мемлекеттік орган өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды

Ескерту. 31-4-баппен толықтырылды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-бап. Уәкілетті органның нотариатты реттеу саласындағы құзыреті

Уәкілетті орган:

1) аумақтық әділет органдарының нотариустардың халыққа құқықтық қызмет көрсету саласындағы заңдылықты ұйымдастыру мен қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне басшылықты, оны үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

2) Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау қағидасын бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының архивтер және құжаттаманы басқарушы уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы Республикалық нотариаттық палатаның қатысуымен нотариаттық іс жүргізу жөнінде қағиданы бекітеді;

4) Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адамдарын аттестациялау туралы ережені бекітеді;

5) алып тасталды - ҚР 26.12.2011 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5-1) алып тасталды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5-2) алып тасталды – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5-3) осы Заңның негізгі мақсаты мен міндетіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариатты реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

6) алып тасталды – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7-1) әрбір нотариаттық округ бойынша нотариустардың ең аз санын бекітеді;

8) алып тасталды – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) нотариустардың қызметін лицензиялайды;

10) алып тасталды – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

11) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияны тоқтата тұру және оның күшін тоқтату туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ нотариустарды лицензияларынан айыру туралы талаптарға бастамашылық етеді;

12) алып тасталды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

13) алып тасталды - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14) алып тасталды - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14-1) тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін бекітеді;

15) алып тасталды - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

16) осы Заңға сәйкес өз құзыреті шегінде нотариаттық қызметті реттеуді жүзеге асырады;

16-1) нотариаттық әрекеттер жасағаны және өзге де көрсетілетін қызметтер үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені және жекеше нотариустардың консультация беруді жүзеге асырғаны үшін мөлшерлемелер мөлшерін бекітеді.

17) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 32-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2010.07.15 № 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 26.12.2011 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

33-бап. Аумақтық әділет органының нотариатты реттеу саласындағы құзыреті

1. Аумақтық әділет органы:

1) мемлекеттік нотариаттық кеңселерді ашады және таратады;

1-1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нотариаттық қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асырады;

1-2) хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді;

2) азаматтар мен заңды тұлғалардың нотариустардың іс-әрекеттеріне өтініштерін қарайды;

2-1) жекеше нотариустардың осы Заңның 16-бабының талаптарын сақтауын бақылауды ұйымдастырады және өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтарған және жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасы заңдарының өзге де талаптарын бұзған жекеше нотариустарға шаралар қолданады;

3) аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адамдарына әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

4) нотариустардың және аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттары лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын және олардың іс қағаздарын жүргізу жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

4-1) нотариустың Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

5) нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру, кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныстар енгізеді;

6) жекеше нотариусты жауапқа тарту туралы нотариаттық палатаға ұсыныс енгізеді;

7) нотариус таңдаған үй-жайдың болуын және оның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексереді;

8) Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес мемлекеттік нотариустардың мөрлерін жасауға тапсырысты жүзеге асырады және оларды береді;

9) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

10) нотариаттық іс-әрекет жасауға уәкілетті аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарын аттестациялауды жүргізеді;

11) алып тасталды - ҚР 26.12.2011 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Аумақтық әділет органы нотариаттық палатамен бірлесіп:

1) алып тасталды - ҚР 26.12.2011 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

2) уәкілетті органға бекітуге нотариаттық округтегі нотариустардың ең аз саны туралы ұсыныс енгізеді;

3) алып тасталды - ҚР 26.12.2011 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) нотариаттық округте нотариустар уақытша болмаған жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасауды ұйымдастырады;

5) нотариустарға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

6) нотариаттық практиканы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын жинақтап қорытады;

7) алып тасталды – ҚР 26.12.2011 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) алып тасталды – ҚР 26.12.2011 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) алып тасталды – ҚР 26.12.2011 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) тиісті нотариаттық округте қызметі тоқтатылған нотариустың мөрін жою және нотариаттық цифрлық архивті қоса алғанда, қағаз түріндегі және электрондық түрдегі құжаттарын басқа нотариусқа немесе жеке нотариаттық мұрағатқа беру жөніндегі, сондай-ақ егер нотариус лицензиясының күші тоқтатылған жағдайда лицензиарға беру үшін лицензияны алып қою жөнінде шаралар қабылдайды.

Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.06.11 № 437, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2009.08.28 № 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.07.2022 № 131-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2 Бөлім

Нотариаттық іс-әрекеттер және оларды жасау ережелері

6-тарау. Нотариус пен уәкілетті лауазымды адамдар жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер

34-бап. Нотариус жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер

1. Нотариус мынадай нотариаттық іс-әрекеттер жасайды:

- 1) мәмілелерді куәландырады;
- 2) шаруашылық серіктестіктерінің құрылтай құжаттарын куәландырады;
- 3) мұраға сенімгерлік басқарушыны тағайындайды;
- 4) мұраға құқық туралы куәліктер береді;
- 5) ерлі-зайыптылардың және ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер береді;

6) алып тасталды – ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады;

- 8) құжаттарға қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады;
- 9) құжаттардың бір тілден екінші тілге дұрыс аударылғанын куәландырады;
- 10) азаматтың тірі екендігі фактісін куәландырады;
- 11) азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландырады;
- 12) құжаттардың берілген уақытын куәландырады;
- 13) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға береді;
- 14) ақшаны депозитке қабылдайды;
- 15) <*>
- 15-1) атқарушылық жазбаларды жасайды;
- 15-2) дауды реттеу туралы келісімді куәландырады;
- 16) вексель наразылықтарын жасайды;
- 17) сақтауға құжаттар және бағалы қағаздар қабылдайды;
- 18) теңіз наразылықтарын жасайды;
- 19) дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

20) нотариус дайындаған электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландырады;

21) нотариус дайындаған қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық құжатпен бірдейлігін куәландырады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында нотариус жасайтын өзге де нотариаттық іс-әрекеттер көзделуі мүмкін.

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.11.13 № 302, 2000.03.29 № 42, 2003.05.05 № 408; 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

35-бап. Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі аппаратының лауазымды адамы жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер

1. Елді мекенде нотариус болмаған жағдайда аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі аппаратының нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға уәкілетті лауазымды адамы мынадай нотариаттық іс-әрекеттер жасайды:

1) өсиеттерді куәландырады;

2) сенімхаттарды куәландырады;

3) құжаттар көшірмелерінің және олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады;

4) өтініштерге қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады;

5) <*>

2. Қазақстан Республикасының заңдарында жергілікті атқарушы органның лауазымды адамдары жасайтын өзге де нотариаттық іс-әрекеттер көзделуі мүмкін.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

36-бап. Консулдық қызметті жүзеге асыратын адамдар жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер

1. Қазақстан Республикасының атынан консулдық қызметті жүзеге асыратын лауазымды адам мынадай нотариаттық іс-әрекеттер жасайды:

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікті иеліктен алу туралы шарттардан басқа мәмілелерді куәландырады;

2) <*>

3) мұраға құқық туралы куәліктер береді;

4) ерлі-зайыптылар мен ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге де адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер береді;

5) құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады;

6) құжаттарға қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады;

7) құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландырады;

8) азаматтың тірі екендігі фактісін куәландырады;

9) азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландырады;

10) құжаттар берілген уақытты куәландырады;

11) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға береді;

12) ақшаны депозитке қабылдайды;

13) <*>

14) сақтауға құжаттар және бағалы қағаздар қабылдайды;

15) теңіз наразылықтарын жасайды;

16) дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында консулдық қызметті жүзеге асыратын лауазымды адам жасайтын өзге де нотариаттық іс-әрекеттер көзделуі мүмкін.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.11.13 № 302, 2000.03.29 № 42, 2003.05.05 № 408 Заңдарымен.

37-бап. Нотариаттық түрде куәландырылған құжаттарға теңестірілген өсиеттер мен сенімхаттарды лауазымды адамдардың куәландыруы

Нотариаттық куәландырылған құжаттарға мыналар теңестіріледі:

1) ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-профилактикалық мекемелерде емделіп жатқан азаматтардың осы мекемелердің бас дәрігерлері және кезекші дәрігерлері куәландырған өсиеттері, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдардың осы мекемелердің (ұйымдардың) директорлары және бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;

2) госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлер мен басқа да әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың медициналық жағынан орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырған өсиеттері мен сенімхаттары;

3) әскери қызметшілердің, ал нотариустары мен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, әскери-оқу орындарының орналасқан пункттерінде, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің осы бөлімдер, құрамалар, мекемелер мен орындардың командирлері (бастықтары) куәландырған өсиеттері мен сенімхаттары;

4) бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері мен сенімхаттары;

5) жүзу кезінде Қазақстан Республикасының туы астында жүзіп жүрген теңіз мекемелерінде немесе ішкі суларда жүзіп жүрген кемелердегі азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;

6) барлау және басқа да экспедицияларда жүрген азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырған өсиеттері;

7) халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде тұрып жатқан кәмелетке толған жастағы іс-әрекет қабілеті бар азаматтардың осы мекемелердің немесе халықты әлеуметтік қорғаудың тиісті органының басшысы куәландырған сенімхаттары;

8) тергеу изоляторларында отырған адамдардың тергеу изоляторларының бастықтары куәландырған сенімхаттары.

Осы бапта көзделген өсиеттерге өсиетке ол да қол қоятын куәнің қатысуымен өсиет қалдырушы қол қоюға тиіс.

Ескерту. 37-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408; 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

38-бап. Лауазымды адамдар куәландырған өсиеттерді нотариусқа беру

1. Осы Заңның 37-бабында санамаланған лауазымды адамдар өсиет куәландырылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде, ал егер бұл дәлелді себептермен мүмкін болмаса, осындай мүмкіндік пайда болған кезде куәландырылған өсиеттің бір данасын өсиет қалдырушының тұрақты тұрғылықты жеріндегі нотариусқа сақтауға дереу беруге міндетті.

2. Егер өсиет қалдырушының Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жері болмаса немесе оның тұратын жері белгісіз болса, өсиет уәкілетті орган белгілейтін нотариусқа жіберіледі.

3. Нотариус сақтауға келіп түскен өсиетті тексеруге және оның заңға сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, тиісті дәрежеде ресімдеу үшін өсиет қалдырушыға және өсиетті куәландырған лауазымды адамға бұл туралы хабарлауға міндетті.

4. Куәландырған өсиеттердің уақтылы берілмеуі салдарынан мұрагерге (мұрагерлерге) келтірілген шығын үшін лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-тарау. Нотариаттық іс-әрекеттер жасаудың негізгі ережелері

39-бап. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау тәртібі

Нотариаттық іс-әрекеттер жасау тәртібі осы Заңмен, басқа да заңдармен және Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттер жасау қағидаларымен белгіленеді.

Ескерту. 39-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

39-1-бап. Нотариаттық әрекеттерді жасау тәсілдері

1. Өсиеттерді куәландыру мен осы Заңның 34-бабы 1-тармағының 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген нотариаттық әрекеттерді қоспағанда, нотариаттық әрекеттер өтініш білдірген адамның жеке қатысуымен немесе "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы қашықтан жасалуы мүмкін.

2. "Цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы қашықтан жасалуы мүмкін нотариаттық әрекеттер Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттер жасау қағидаларында айқындалады.

Нотариаттық әрекеттер бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе өңдейтін аутентификациялауды анықтау арқылы, дербес деректерді өңдеу үшін тиісті

техникалық және ұйымдастырушылық шараларды пайдалану, сондай-ақ деректерді жария тіркелімдерге және цифрлық жүйелерге тиісті түрде берудің техникалық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Биометриялық сәйкестендіру кезінде биометриялық деректердің эталондық базасының биометриялық деректерін жинау, сақтау, өзгерту, пайдалану, жою, бұғаттау және беру қағидаларына, сондай-ақ цифрландыру саласындағы уәкілетті орган бекітетін биометриялық сәйкестендіруді жүргізу тәртібіне сәйкес биометриялық деректердің эталондық базасы пайдаланылады.

Көрсетілген шаралар бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе арқылы қамтамасыз етілуге тиіс.

Ескерту. 39-1-баппен толықтырылды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-бап. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау мерзімдері

Нотариаттық іс-әрекеттер бұл үшін барлық қажетті құжаттар табыс етіліп, мемлекеттік нотариус немесе осы Заң арқылы нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілдік берілген адамдар нотариаттық іс-әрекеттер жасаған жағдайда мемлекеттік баж төлеген не жекеше нотариустың нотариаттық іс-әрекеттеріне ақы төленген күні жасалады.

41-бап. Нотариаттық іс-әрекеттер жасауды кейінге қалдырудың және тоқтата тұрудың негіздері мен мерзімдері

1. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау мынадай негіздер бойынша:

- 1) жеке және заңды тұлғалардан қосымша мәліметтерді талап ету қажет болуына;
- 2) құжаттардың сараптамаға жіберілуі негізінде кейінге қалдырылуы мүмкін.

2. Нотариаттық іс-әрекет жасауды кейінге қалдыру мерзімі нотариаттық іс-әрекет жасауды кейінге қалдыру туралы қаулы шығарылған күннен бастап бір айдан аспауы керек.

3. Басқа бір мүдделі адам куәландырмақшы болған құқықты немесе фактіні сотта даулаушы мүдделі адамның өтініші бойынша нотариаттық іс-әрекет жасау күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімге кейінге қалдырылады. Егер осы мерзім ішінде соттан өтініштің келіп түскені туралы хабар алынбаса, нотариаттық іс-әрекет жасалуға тиіс.

4. Басқа бір мүдделі адам куәландыруды өтінген құқықпен фактіні даулаушы мүдделі адамның өтініші түскені туралы соттан хабар алынған жағдайда, нотариаттық іс-әрекет жасау сот істі шешкенге дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

42-бап. Нотариаттық іс-әрекетті жасауды өтінген адамның жеке басын анықтау

1. Нотариус немесе лауазымды адам нотариаттық іс-әрекет жасаған кезде нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген азаматтың, оның өкілінің немесе заңды тұлға өкілінің жеке басын анықтайды.

2. Адамның жеке басын анықтау нотариаттық іс-әрекет жасауға өтініш білдірушінің жеке басты куәландыратын құжаттары негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

43-бап. Мәмілелерге қатысушы жеке адамдардың іс-әрекетке қабілеттілігі мен заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігін анықтау

Мәмілелерді куәландырған кезде азаматтардың іс-әрекетке қабілеттілігі анықталады және нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде мәмілелерге қатысушы заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігі тексеріледі. Мәміле өкілдер арқылы жасалған жағдайда олардың өкілеттігі тексеріледі.

44-бап. Нотариаттық құжаттарға қол қою тәртібі

1. Нотариат куәландырған құжаттың мазмұны қатысушылардың қалауы бойынша дауыстап оқылуы мүмкін.

2. Қатысушылар нотариус куәландырған мәмілелерге, өтініштер мен басқа құжаттарға нотариустың қатысуымен қол қояды.

3. Егер азамат дене кемістігі, ауруы немесе сауатсыздығы салдарынан өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша және оның қатысуымен, сондай-ақ нотариустың қатысуымен нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген азаматтың құжатқа өзі қол қоя алмау себептері көрсетіле отырып, мәмілеге, өтінішке немесе өзге де құжатқа басқа азамат қол қоя алады.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

44-1-бап. Нотариаттық әрекеттерді электрондық нысанда жасау

Нотариаттық әрекет жасауға жүгінген адамның өтінуі бойынша нотариус нотариаттық құжатты электрондық нысанда дайындау арқылы нотариаттық әрекет жасай алады.

Егер электрондық нысандағы нотариаттық құжатқа нотариаттық әрекет жасауға жүгінген адам қол қоюға тиіс болған жағдайда, адам құжатты нотариустың қатысуымен электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландыруға немесе оған цифрлық қолтаңбаға арналған графикалық планшеттің көмегімен қол қоюға міндетті.

Электрондық нысанда дайындалған нотариаттық құжаттағы куәландыру жазбасы нотариустың электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылуға тиіс.

Ескерту. Заң 44-1-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

45-бап. Куәландырылатын мәмілелер мен айғақталатын құжаттардың мәтіндеріне қойылатын талаптар

1. Нотариаттық куәландырылған мәміленің мәтіні анық және түсінікті жазылуға немесе басылуға, мәміленің мазмұнына қатысты сандар мен мерзімдер ең болмағанда бір рет сөздермен, ал заңды тұлғалардың атаулары қысқартусыз, олардың тұрған жері көрсетіле отырып жазылуға тиіс. Азаматтардың тектері, аттары мен әкесінің аттары, олардың тұратын мекен-жайлары толық жазылуға тиіс.

2. Өшіріп тасталған, қосылып жазылған, сызылған сөздері немесе басқа да келісілмеген түзетулері бар мәмілелердің мәтінін куәландыруға немесе құжаттарды, сондай-ақ қарындашпен жазылған құжаттарды куәландыруға болмайды.

3. Көлемі бір парақтан асатын құжатта парақтар тігілген, бауланған және мөрмен бекітілген болуға тиіс.

4. Нотариустар нотариаттық әрекеттерді жасау үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін электрондық құжаттарды қабылдайды.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-бап. Нотариаттық іс-әрекет жасау құқығын шектеу

1. Нотариус пен аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі аппаратының лауазымды адамдарының өз атына және өз атынан, өз жұбайының, оның және өз туыстарының (ата-аналары, балалары, аға-інілері, апа-сіңлілері, немерелері, атасы, әжесі) атына және олардың атынан, нотариус көмекшілерінің, тағылымдамадан өтушілерінің атына және олардың атынан, оның ішінде басшылары, құрылтайшылары және акционерлері нотариустың жақын туыстары болатын заңды тұлғаларға қатысты нотариаттық әрекеттерді жасауға құқығы жоқ.

2. Аталған реттердегі нотариаттық іс-әрекеттерді кез келген басқа нотариус жасайды.

3. Осы баппен белгіленген ережелерді бұза отырып жасалған нотариаттық іс-әрекеттер жарамсыз болып табылады.

Ескерту. 46-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

47-бап. Куәландыратын жазбалар жасау, куәліктер беру және қаулылар шығару

1. Куәландырушы жазбалар мәмілелерді куәландыру және нотариаттық куәландырылған құжаттардың дубликаттарын беру, құжаттардың көшірмелері мен олардан жасалған үзінділердің дұрыстығын, құжаттардағы қойылған қолдардың түпнұсқалығын, құжаттардың бір тілден екінші тілге аударылуының дұрыстығын растау кезінде, тиісті құжаттарда құжаттардың көрсетілген уақытын куәландыру

кезінде, сондай-ақ нотариус дайындаған электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландыру және нотариус дайындаған қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық құжатпен бірдейлігін куәландыру кезінде жасалады.

2. Мұраға алу құқығын, меншік құқығын, азаматтың тірі екендігі және белгілі бір орында болуы фактілерін, жеке және заңды тұлғалардың өтінішін басқа және жеке заңды тұлғаларға беруді куәландыру, құжаттарды сақтауға қабылдауды растау үшін тиісті куәліктер беріледі.

3. Мұраға сенімгерлік басқарушы тағайындалған кезде нотариус тиісті қаулы шығарады.

Ескерту. 47-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408; 15.02.2021 № 5-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

48-бап. Нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тарту

1. Егер:

- 1) мұндай іс-әрекет жасау заңдарға қайшы келсе;
- 2) іс-әрекетті басқа нотариус жасауға тиіс болса;
- 3) нотариаттық іс-әрекет жасау жөнінде қабілетсіз азамат немесе қажетті өкілеттігі жоқ өкіл өтініш жасаса;
- 4) заңды тұлға атынан жасалатын мәміле оның жарғысында немесе ережесінде көрсетілген мақсаттарға қайшы келсе;
- 5) мәміле заңдар талаптарына сәйкес келмесе;
- 6) нотариаттық іс-әрекет жасау үшін табыс етілген құжаттар заң талаптарына сәйкес келмесе, нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартылады.

2. Нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген адамға нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартылған кезде, нотариус нотариаттық іс-әрекет жасауға ол өтініш берген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жазбаша түрде бас тартудың себебі көрсетілген дәлелді қаулыны береді.

3. Нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуға немесе нотариаттық іс-әрекеттің дұрыс жасалмағаны үшін сот тәртібімен шағымдануға болады.

Ескерту. 48-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

49-бап. Нотариаттық әрекеттерді тіркеу

1. Нотариус жасайтын барлық нотариаттық әрекеттер бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің электрондық тізілімінде тіркеледі.

Осы Заңның 35 және 36-баптарында аталған лауазымды адамдар жасайтын нотариаттық әрекеттер нотариаттық әрекеттерді тіркеу тізілімінде тіркеледі.

Осы Заңның 35 және 36-баптарында аталған лауазымды адамдар нотариаттық әрекеттерді бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің тізілімінде тіркей алады.

2. Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе әрбір нотариаттық әрекет бойынша бірегей нөмір береді, ол құжаттың қағаз нұсқасында көрсетілуге тиіс.

Ескерту. 49-бап жаңа редакцияда – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

50-бап. Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізілімдерінің (оның ішінде бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің электрондық тізілімінің), нотариаттық куәліктердің, куәландыратын жазбалардың нысаны

Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізілімдерінің (оның ішінде бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің электрондық тізілімінің), нотариаттық куәліктер мен қаулылардың, мәмілелердегі және куәландырылатын құжаттардағы куәландыру жазбаларының нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.07.15 № 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

51-бап. Нотариаттық куәландырылған құжаттың дубликатын беру

1. Бір данасы нотариаттық кеңсе істерінде немесе нотариуста сақталатын құжат жоғалған жағдайда, өз аттарынан немесе солардың тапсырмасы бойынша нотариаттық іс-әрекеттер жасалған азаматтардың, заңды тұлғалар өкілдерінің жазбаша өтініштері бойынша оларға жоғалған құжаттың дубликаты беріледі.

2. Құжаттың дубликатын беру осы Заңның 3-бабының талаптары сақтала отырып жүргізіледі.

8-тарау. Мәмілелерді куәландыру

52-бап. Нотариаттық тәртіппен куәландырылатын мәмілелер

Нотариус заңдармен міндетті нотариаттық куәландыру белгіленген мәмілелерді куәландырады. Тараптардың тілегі бойынша нотариус басқа мәмілелерді де куәландыра алады.

53-бап. Мәміле жобасының мазмұны мен мағынасын тараптарға түсіндіру

Нотариус пен нотариаттық іс-әрекет жасаушы лауазымды адамдар тараптарға, олар табыс еткен мәміле жобасының мазмұны мен мағынасын түсіндіруге және оның мазмұны тараптардың шын ниеттеріне сәйкес келетінін және заң талаптарына қайшы келмейтінін тексеруге міндетті.

54-бап. Тіркелуге жататын мүлікті иеліктен алу және кепілге салу туралы шарттарды куәландыру

1. Тіркелуге жататын мүлікті иеліктен алу және кепілге салу туралы шарттар иеліктен алынатын немесе кепілге салынатын мүлікке деген меншік құқықтарын растайтын құжаттарды көрсеткен жағдайда куәландырылуы мүмкін.

2. Алып тасталды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-1. Тіркелуге тиіс жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару және кепілге қою туралы шартты куәландыру осы мүліктің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

3. Жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарын куәландыру кезінде нотариус иеліктен шығарылған жылжымайтын объектілер орналасқан жер учаскесінің құқықтық режимін белгілеуге тиіс.

Жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарын куәландыру кезінде нотариус жер учаскесіне құқықты белгілейтін құжаттарды талап етеді және жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) өзіне тиесілі құқықтарын иеліктен шығару жөніндегі өкілеттіктерін айқындайды.

Жер учаскесіне құқықты белгілейтін құжаттар кондоминиум құрамындағы тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды иеліктен шығарған кезде талап етілмейді.

Жылжымайтын мүлікпен мәміле бойынша есеп айырысуды қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырған кезде тараптардың келісімімен нотариус мәмілені қамтамасыз ету мақсатында банктік шот ашылған екінші деңгейдегі банкке немесе Ұлттық пошта операторына мәмілені куәландыру туралы мәліметтерді, сондай-ақ тіркеуші органның жылжымайтын мүлікке құқықтарға жүргізілген тіркеу туралы не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе оны тоқтата тұру туралы ақпаратты бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе арқылы береді.

Ескерту. 54-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408, 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

55-бап. Тұрғын үй құрылысы туралы шартты куәландыру

Ескерту. 55-бап алынып тасталды - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен.

56-бап. Өсиеттерді куәландыру

1. Нотариус пен нотариаттық іс-әрекеттер жасаушы басқа да лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес іс-әрекетке қабілетті азаматтар жасаған және олардың өздері нотариусқа табыс еткен өсиеттерді куәландырады. Өсиеттерді өкілдер арқылы куәландыруға жол берілмейді.

2. Өсиеттерді куәландырған кезде өсиет қалдырушыдан өсиетке қалдырылатын мүлікке оның меншік құқығын растайтын дәлелдемелер тапсыру талап етілмейді.

57-бап. Өсиеттерді өзгерту және күшін жою тәртібі

Нотариус және нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын басқа да лауазымды адамдар өсиеттің күшін жою туралы өтініш алған, сол сияқты бұрын жасалған өсиеттің күшін жоятын немесе өзгертетін жаңа өсиет алған жағдайда, өсиеттің нотариуста сақталған

данасы мен нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізіліміне (оның ішінде бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйенің электрондық тізіліміне) бұл туралы белгі соғады. Өсиеттің күшін жою немесе өзгерту туралы өтінішті нотариат куәландыруға тиіс.

Ескерту. 57-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.07.15 № 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

58-бап. Сенімхаттарды және келісулерді куәландыру

Ескерту. 58-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Нотариус пен нотариаттық әрекеттерді жасайтын лауазымды адамдар бір адамның (сенім білдірушінің) атынан басқа адамның (сенім білдірілген адамның) атына сенімхатты куәландырады.

2. Қайта сенім білдіру тәртібімен берілетін сенімхат қайта сенім білдіру құқығы сөз болған негізгі сенімхатты табыс ету бойынша нотариаттық куәландырылуға тиіс. Қайта сенім білдіру тәртібімен берілген сенімхаттың мазмұнында негізгі сенімхат бойынша берілген құқықтан артық құқық болмауға тиіс. Қайта сенім білдіру тәртібімен берілген сенімхаттың қолданылу мерзімі оның берілуіне негіз болған сенімхаттың қолданылу мерзімінен аспауы керек.

3. Нотариустар Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті нотариаттық куәландыруы көзделген келісулерді куәландырады.

Ескерту. 58-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

59-бап. Мәміленің мазмұны баяндалатын құжат даналарының саны

Мәміленің мазмұны баяндалып, нотариаттық тәртіппен куәландыратын құжаттар даналарының санын нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген адамдар анықтайды, бірақ олардың саны екі данадан кем болмауға тиіс, олардың біреуі нотариаттық кеңсенің істерінде нотариуста қалады.

9-тарау. Мұрагерлік құқығы туралы куәлік беру

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен.

60-бап. Ашылған мұра туралы мұрагерлерге және бас тартылған мұраны алушыларға (легатарийлерге) хабарлау

1. Ашылған мұра туралы хабарлама алған нотариус тұратын жері немесе жұмыс орны өзіне мәлім мұрагерлерге бұл туралы хабарлауға міндетті.

Өсиеттік бас тарту (легат) қамтылған өсиет болған кезде нотариус тұратын жері немесе жұмыс орны өзіне мәлім бас тартылған мұраны алушыларға (легатарийлерге) өсиет бойынша мұраның ашылғандығы туралы хабарлауға міндетті.

2. Егер мұрагерлердің немесе бас тартылған мұраны алушылардың (легатарийлердің) тұратын жері немесе жұмыс орны белгісіз болса, нотариус бұқаралық ақпарат құралдары және бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе арқылы мұраның ашылғандығы туралы хабарлауға міндетті.

Ескерту. 60-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

61-бап. Мұрадан бас тарту немесе оған құқық туралы куәлік беру туралы өтініштерді қабылдау

Нотариус мұра ашылған орын бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мұрагердің мұрадан бас тартуы немесе оған құқық туралы куәлік беру туралы өтінішті жазбаша нысанда қабылдайды.

Ескерту. 61-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен.

62-68-баптар.

Ескерту. 62-68-баптар алынып тасталды - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен.

69-бап. Мұраға құқық туралы куәлік беру орны мен мерзімі

1. Мұрагерлердің жазбаша өтініші бойынша мұра ашылған жердегі нотариус мұраға құқық туралы куәлік береді.

2. Мұраға құқық туралы куәлік беру Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мерзімде жүргізіледі.

70-бап. Мұраға құқық туралы куәлік беру тәртібі

1. Мұраға құқық туралы куәлік Қазақстан Республикасы азаматтық заңдарының нормаларына сәйкес мұраны қабылдаған мұрагерлерге беріледі.

2. алып тасталды

3. Мұраға құқық туралы куәлік мұрагерлердің мұраға қалатын әрбір мүлікке қалауына қарай олардың барлығына бірге немесе әрқайсысына жеке-жеке беріледі.

4. Нотариус қорғаншылықта немесе қамқоршылықта жүрген, кәмелетке толмаған немесе іс-әрекетке қабілетсіз мұрагердің атына мұраға құқық туралы куәлік берілгені жөнінде оның мүліктік мүддесін қорғау үшін мұрагердің тұрған жеріндегі қорғаншылық және қамқоршылық органдарына хабарлайды.

5. Мұраға құқық бойынша мүлік мемлекетке өткен жағдайда мұраға құқық туралы куәлік уәкілетті мемлекеттік органға беріледі.

6. Мұрагерлік құқық бойынша мемлекеттік меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

Мұрагерлік құқық бойынша мемлекеттік меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 70-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.12.24 № 276, 2003.05.05 № 408, 2006.06.22 № 147; 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

71-бап. Заң бойынша мұраға құқық туралы куәлікті беру шарттары

1. Нотариус заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік берген кезде тиісті айғақтарды талап ету арқылы мұра қалдырушының қайтыс болу фактісін, мұраның ашылған уақыты мен жерін, мұраға құқық туралы куәліктің берілуі жөнінде өтініш беруші адамдарды заң бойынша мұраны иелену үшін негіз болып табылатын қатынастардың болуын, мұралық мүліктің құрамы мен тұрған орнын тексереді.

2. Егер заң бойынша бір немесе бірнеше мұрагердің мұраны иеленуге тарту үшін негіз болып табылатын айғақтарды табыс етуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, олар мұраны қабылдаған және мұндай айғақтарды табыс еткен басқа мұрагерлердің бәрінің келісімімен мұраға құқық туралы куәлікке енгізілуі мүмкін.

72-бап. Өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлік беру шарттары

1. Нотариус өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлік берген кезде тиісті айғақтарды талап ету арқылы мұра қалдырушының қайтыс болу фактісін, өсиеттің бар-жоғын, мұраның ашылған уақыты мен орнын, мұралық мүліктің құрамын және тұрған орнын тексереді.

2. Нотариус сонымен бірге мұрадағы міндетті үлеске құқығы бар адамдар тобын анықтайды.

3. Өсиеттік бас тарту болған кезде нотариус бас тартылған мұраны алушыларды шақырады және оларға өсиеттік бас тартудың мазмұнын және олардың мұрагерден (мұрагерлерден) өздеріне тиесілі мұраны алу құқығын түсіндіреді.

Ескерту. 72-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

72-1-бап. Өсиетті орындаушының, өсиет жүктелген өкілдің өкілеттігін куәландыру туралы куәлік беру

Өсиет қалдырушы мұрагері емес, өзі өсиетте көрсеткен адамға (өсиетті орындаушыға, өсиет жүктелген өкілге) өсиетті орындауды тапсырған жағдайда, нотариус өсиетті орындаушының, өсиет жүктелген өкілдің өтініші бойынша оның өкілеттігін растау үшін өсиетті орындаушының, өсиет жүктелген өкілдің өкілеттігін куәландыру туралы куәлікті береді.

Куәлікте өсиетті орындаушы, өсиет жүктелген өкіл, оның өкілеттігінің туындау негіздері, сондай-ақ оған берілген өкілеттіктердің көлемі көрсетіледі.

Ескерту. 9-тарау 72-1-баппен толықтырылды – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-тарау. Ортақ бірлескен мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер беру

Ескерту. 10-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

73-бап. Ортақ бірлескен меншік үлесіне меншік құқығы туралы куәлік беру

1. Нотариус бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар адамдардың бірлескен жазбаша өтініші бойынша ортақ мүліктегі үлесін алуға тілек білдірген адамға немесе адамдарға осындай үлеске меншік құқығы туралы куәлік береді.

2. Ортақ меншіктегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік осы мүлік орналасқан жерде беріледі.

74-бап. Көзі тірі жұбайының өтінішімен ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік беру

1. Ерлі-зайыптылардың бірі қайтыс болған жағдайда, нотариус мұра ашылған жерде көзі тірі жұбайының жазбаша өтініші бойынша мұраны қабылдаған мұрагерлерді хабардар ете отырып, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік береді.

2. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік көзі тірі жұбайына олардың некеде тұрған кезінде жинаған ортақ мүлкінің жартысына, егер неке келісім-шартында өзгеше белгіленбесе, берілуі мүмкін.

3. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі өлген жұбайының үлесіне меншік құқығы туралы куәлік өлген жұбайдың мұрагерлеріне олардың өтініші бойынша берілуі мүмкін.

75-бап. Мүлікті иеліктен алуға тыйым салу және оны алып тастау

Ескерту. 75-бап алып тасталды – ҚР 05.07.2018 № 177-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-тарау. Құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын, қойылған қолдардың түпнұсқалығын және аударманың дұрыстығын куәландыру

76-бап. Құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландыру

1. Нотариус немесе нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адам, заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтар берген құжаттардың көшірмелері мен олардан

алынған үзінділердің дұрыстығын, бұл құжаттар және олардың мазмұны заңдарға қайшы келмеген әрі заңдық маңызы болған жағдайда куәландырады.

2. Үзінді алынған құжатта бір-бірімен байланысы жоқ бірнеше жекелеген мәселенің шешімі болғанда ғана, одан алынған үзіндінің дұрыстығы куәландырылуы мүмкін. Үзінді құжаттың белгілі бір мәселе жөніндегі бөлігінің толық мәтінін қайтаруға тиіс.

77-бап. Азамат берген құжат көшірмесінің дұрыстығын куәландыру

Нотариус азамат ұсынған құжат көшірмесінің дұрыстығын, азаматтың құжатқа қойған қолының түпнұсқалығын нотариус немесе осы заңмен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адам растаған жағдайда ғана куәландырады.

78-бап. Құжаттың көшірмесінен алынған көшірменің дұрыстығын куәландыру

Нотариус құжаттың көшірмесінен алынған көшірменің дұрыстығын, осы көшірме нотариаттық тәртіппен куәландырылған немесе түпнұсқаны құжат жасаған заңды тұлға берген жағдайда куәландырады. Соңғы жағдайда құжаттың көшірмесі сол заңды тұлғаның бланкісінде жасалып, мөрмен бекітілуі және құжаттың түпнұсқасы заңды тұлғада екендігі туралы белгісі болуға тиіс.

79-бап. Құжаттағы қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландыру

1. Нотариус мазмұны жағынан заңдарға қайшы келмейтін және мәмілені баяндауды білдірмейтін құжаттағы қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады.

2. Нотариус қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландыра отырып, құжатта жазылған фактілерді куәландырмайды, белгілі бір адамның қол қойғанын ғана растайды.

Ескерту. 79-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен.

80-бап. Аударымның дұрыстығын куәландыру

1. Егер нотариус тиісті тілдерді білетін болса, бір тілден екінші тілге аударылған аударымның дұрыстығын куәландырады.

2. Егер нотариус тиісті тілдерді білмейтін болса, аударманы аудармашы жасап, қойған қолының түпнұсқалығын нотариус куәландырады.

12-тарау. Фактілерді куәландыру

81-бап. Азаматтың тірі екендігі фактісін куәландыру

1. Нотариус азаматтың тірі екендігі фактісін куәландырады.

2. Кәмелетке толмаған азаматтың тірі екендігі фактісін куәландыру оның заңды өкілдерінің (ата-аналарының, асырап алушыларының, қорғаншыларының, қамқоршыларының), сондай-ақ кәмелетке толмаған азаматты қорғаншылыққа алған мекемелер мен ұйымдардың өтініші бойынша жүргізіледі. Мүдделі адамдарға аталған фактіні растап куәлік беріледі.

82-бап. Азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландыру

1. Нотариус азаматтың өтініші бойынша оның белгілі бір жерде болу фактісін куәландырады.

2. Кәмелетке толмаған азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландыру, оның заңды өкілдерінің (ата-аналарының, асырап алушыларының, қорғаншыларының, қамқоршыларының), сондай-ақ кәмелетке толмаған азаматты қорғаншылыққа алған мекемелер мен ұйымдардың өтініші бойынша жүргізіледі. Мүдделі адамдарға аталған фактіні растап куәлік беріледі.

83-бап. Құжаттардың көрсетілген уақытын куәландыру

Нотариус өзіне құжаттың көрсетілген уақытын куәландырады. Бұл туралы куәландыру жазбасы құжатқа оны көрсеткен адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып жазылады.

13-тарау. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқаға беру. Ақшаны депозитке қабылдау

Ескерту. 13-тараудың атауы өзгерді - ҚР 1998.11.13 № 302 Заңымен.

84-бап. Өтініштерді беру

1. Нотариус жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға беруді жеке қолхатпен немесе кері хабарламалы почта арқылы жүзеге асырады. Өтініштер телефаксты, компьютерлік желілерді және өзге де техникалық құралдарды пайдалана отырып та берілуі мүмкін.

2. Өтініштерді беру үшін техникалық құралдарды пайдалануға байланысты шығыстарды нотариаттық іс-әрекеттер жасауды өтінген адам төлейді.

3. Өтініш беруші адамның сұрауы бойынша, оған өтініштің берілгені туралы куәлік беріледі.

85-бап. Ақшаны депозитке қабылдау

Ескерту. 85-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.11.13 № 302 Заңымен.

1. Нотариус заңдарда көзделген жағдайларда борышкерден несие берушіге беру үшін ақшаны депозитке қабылдайды.

2. Нотариус ақшаның түскені туралы кредиторға хабарлайды және оның талабы бойынша оған тиесілі ақшаны береді. Егер ақшаны депозитке салу Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 291-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылған болса, нотариус кредиторға ақшаны оның тараптары арасындағы шартта белгіленген тәртіппен береді.

3. Ақшаны депозитке қабылдауды нотариус міндеттемелер орындалатын жерде жүргізеді.

4. Нотариус депозиті шарттарында жеке және заңды тұлғалардың ақшасы орналастырылатын банктік шоттар бойынша тыйым салуға, өндіріп алуды қолдануға және шығыс операцияларын тоқтата тұруға жол берілмейді.

5. Нотариус депозитіндегі ақша нотариустың меншігі және (немесе) оның кірісі болып табылмайды.

Ескерту. 85-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 26.07.2016 № 12-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

86-бап. Депозитке ақша салған адамға оны қайтару

Депозитке ақша салған адамға оны қайтаруға:

- 1) пайдасына жарна жасалған адамның жазбаша келісімімен;
- 2) соттың шешімі бойынша;
- 3) егер ақшаны қайтару мүмкіндігі тараптардың келісімінде көзделсе, тараптардың бірі өз міндеттемелерін орындамаған кезде жол беріледі.

Ескерту. 86-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-тарау. Вексель наразылығын жасау

Ескерту. 14-тараудың атауы өзгерді - ҚР 2000.03.29 № 42 Заңымен.

87-бап - 88-баптар алынып тасталды - ҚР 2000.03.29 № 42 Заңымен.

92-бап. Вексель наразылығы

Төлемеу, акцепт еместік және акцептің күні қойылмағаны жөнінде вексель наразылығын нотариус Қазақстан Республикасының аударым және жай вексель туралы заңдарына сәйкес жүргізеді.

14-1-тарау. Атқарушылық жазбаларды жасау

Ескерту. Заң 14-1-тараумен толықтырылды - ҚР 31.10.2015 № 378-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

92-1-бап. Борышкерден ақшаны өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы мүлікті талап ету

1. Борышкерден ақшаны өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы мүлікті талап ету үшін нотариус тиісті белгі қойылатын, берешекті белгілейтін төлнұсқа құжат көрсетілген кезде бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйе арқылы электрондық түрде атқарушылық жазба жасайды.

2. Атқарушылық жазба негізінде мынадай даусыз талаптар бойынша берешекті өндіріп алу жүргізіледі:

1) нотариатта куәландырылған мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы, оның ішінде осы Заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда нотариус сотқа дейін реттеу тәртібімен куәландырған дауды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;

2) мемлекеттік сатып алу және "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге

асырылатын сатып алу туралы шартты қоспағанда, орындау мерзімі басталған және міндеттеменің орындалмауын борышкер мойындаған, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен өндіріп алушыға жіберілген наразылыққа жауапта мойындаған, жазбаша мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы;

3) нотариус жасаған, төлем жасалмауына, акцептінің болмауына және акцепт күнінің белгіленбеуіне вексель наразылығына негізделген міндеттемені орындау туралы;

4) лизинг шартына немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лизинг нысанасын талап ету туралы;

5) ломбард кепіл беруші-борышкерге қойған, кредитті қайтару мерзімі өткен соң кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану туралы;

6) пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтұрақ орындарының, қоймалардың "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабы 5-тармағының 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында айқындалған жарналардан жалтаратын меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы;

7) төлеу мерзімі басталған, жария шарттар негізінде нақты тұтынылған көрсетілетін қызметтер (электрмен, газбен, жылумен, сумен жабдықтау және басқалары) үшін, сондай-ақ өзге де шарттар негізінде белгіленген тарифтерге сәйкес көрсетілетін қызметтер үшін берешекті өндіріп алу туралы;

8) жалдау төлемдерін жалдау шартында белгіленген мерзімдерде төленбеуіне байланысты өндіріп алу туралы;

9) қызметкерге есептелген, бірақ төленбеген жалақыны және өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы, оның ішінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы аударымдарын өндіріп алу туралы;

10) партисипативтік рәсім тәртібімен жасалған, дауларды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы.

Өндіріп алушы осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген талап бойынша атқарушылық жазбаны жасау үшін борышкердің міндеттемені орындамағаны туралы жазбаша мойындауын нотариусқа ұсынуға тиіс.

Жазбаша мойындау бір немесе бірнеше құжаттарда білдірілуі мүмкін, олар атқарушылық жазба жасалған кезде борышкердің берешегі бар екенін, оның мөлшерін және борышкердің өндіріп алынуға жататын соманы мойындауын куәландыруға тиіс.

3. Егер тұрақсыздық айыбы (өсімпұл), пайыздар тиесілі болса оларды өндіріп алу, банк заемдарын қоспағанда, борышкер орындалмаған міндеттемені жазбаша мойындаған кезде атқарушылық жазба негізінде жүргізіледі.

Атқарушылық жазбаны жасау, егер шартта тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды), пайыздарды өндіріп алудың өзге тетігі көзделмесе, борышкер орындалмаған міндеттемедегі кінәсін мойындаған кезде, орындалмаған міндеттемедегі кінәсін мойындау фактісін нотариус растаған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 92-1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 352-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2021 № 84-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 15.03.2023 № 207-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.07.2025 № 207-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

92-2-бап. Атқарушылық жазбаны жасау шарттары

1. Атқарушылық жазба:

1) егер ұсынылған құжаттар берешектің немесе борышкердің өндіріп алушы алдындағы өзге де жауапкершілігінің даусыз екенін растаса;

2) егер талап қою (арыз) құқығы туындаған күннен бастап үш жылдан аспайтын уақыт өтсе, жасалады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақты екінші бөлікпен толықтыру көзделген – ҚР 08.07.2026 № 343-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Егер атқарушылық жазба берілетін талап үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге ескіру мерзімі белгіленсе, атқарушылық жазба осы мерзім шегінде беріледі.

3. Атқарушылық жазба осы Заңның 92-1-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшалары негізінде борышкердің (жеке немесе заңды тұлғаның) тіркелген жері бойынша жасалады.

Осы Заңның 92-1-бабы 2-тармағының 6) және 7) тармақшаларының негізінде атқарушылық жазба борышкердің (жеке тұлғаның) тіркелген жері не тұрғылықты жері бойынша не жылжымайтын мүлкінің орналасқан жері бойынша, егер заңды тұлға борышкер болып табылса, онда оның тіркелген жері не оның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері бойынша не жылжымайтын мүліктің орналасқан жері бойынша жасалады.

Ескерту. 92-2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 31.12.2021 № 100-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2023 № 207-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

92-3-бап. Атқарушылық жазбаның мазмұны

Атқарушылық жазбада:

- 1) атқарушылық жазбаны жасаған нотариустың тегі және аты-жөні, лауазымы;
- 2) өндіріп алушының атауы, оның туған датасы, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 3) борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның туған күні, тіркелген жері, жеке сәйкестендіру нөмірі не заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, тіркелген жері және деректемелері;
- 4) өндіріп алу жүргізіліп отырған мерзімнің көрсетілуі;
- 5) өндіріп алынуға жататын соманың немесе талап етілуге жататын нәрселердің көрсетілуі;
- 6) өндіріп алушы төлеген мемлекеттік баж сомасының немесе жекеше нотариустың нотариаттық әрекеттеріне, пошталық шығыстарға төленген соманың көрсетілуі;
- 7) атқарушылық жазба жасалған дата (жыл, ай, күн);
- 8) атқарушылық жазбаның тізілімде тіркелген нөмірі;
- 9) атқарушылық жазбаны жасаған нотариустың қолтаңбасы мен мөрінің бедері;
- 10) атқарушылық жазбаның күшін жою туралы өтінішті беру мерзімі мен тәртібі;
- 11) нотариустың атқарушылық жазбаның күшін жоюдан бас тартуына сот тәртібімен борышкердің шағым жасау құқығы қамтылуға тиіс.

Ескерту. 92-3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

92-4-бап. Атқарушылық жазба бойынша өндіріп алу тәртібі

Атқарушылық жазба бойынша өндіріп алу Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

92-5-бап. Атқарушылық жазбаны ұсыну мерзімдері

1. Атқарушылық жазба, егер заңнамада өзге мерзімдер белгіленбесе, ол жасалған күннен бастап үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындатуға ұсынылуы мүмкін.
2. Атқарушылық жазбаны ұсыну үшін өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

92-6-бап. Борышкерге атқарушылық жазбаның көшірмесін жіберу

Ескерту. 92-6-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

1. Атқарушылық жазба жасағаннан кейін нотариус келесі жұмыс күнінен кешіктірмей борышкерге оның көшірмесін табыс етеді немесе жеткізілгенін тіркеуді

қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып, борышкердің электрондық пошта мекенжайы бойынша немесе тіркелген жері бойынша жібереді.

1-1. Егер атқарушылық жазбаның көшірмесі борышкерге:

1) тараптар арасында жасалған шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

2) тіркелген жері бойынша табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен жіберілген болса, оның ішінде кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі, көрсетілген мекенжай бойынша адаммен тұрып жатқан басқа адам алған болса;

3) жеткізілгенін тіркеп-белгілеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын, оның ішінде "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы және (немесе) абоненттік нөмірге қысқа мәтіндік хабар түріндегі хабарламаларды пайдалану арқылы жіберілген болса, ол алынды деп есептеледі.

Хабарлама адресатқа, алушыға оны табыс ету мүмкін болмағаны туралы белгісімен немесе оны қабылдаудан бас тартуға байланысты қайтарылған жағдайда, атқарушылық жазбаның көшірмесі тиісті түрде жіберілді деп есептеледі.

2. Борышкер атқарушылық жазбаның көшірмесін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде атқарушылық жазбаны жасаған нотариусқа хабарламасы бар мәлімделген талапқа қарсы қарсылығын жазбаша түрде жіберуге құқылы.

3. Борышкердің қарсылығында мәлімделген талаппен келіспеу себептері қамтылуға тиіс.

Ескерту. 92-6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

92-7-бап. Атқарушылық жазбаны беру

Ескерту. 92-7-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Атқарушылық жазбаның көшірмесін борышкерге табыс ету туралы хабарлама келіп түскен кезде және егер белгіленген мерзімде борышкерден нотариусқа қарсылық түспесе, нотариус өндіріп алушыға атқарушылық жазбаны береді не оның өтініші бойынша оны атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесіне орындау үшін жібереді.

2. Өндіріп алушыға берілген немесе жіберілген атқарушылық жазбаның көшірмесі нотариус жүргізетін істе қалады.

Ескерту. 92-7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

30.12.2025 № 246-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

92-8-бап. Атқарушылық жазбаның күшін жою және оған дау айту

Ескерту. 92-8-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Нотариус мәлімделген талапқа қарсы қарсылықты алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы шығарады.

Өндіріп алушы мәлімдеген талаппен келіспеудің себептері борышкердің қарсылығында көрсетілмеген жағдайда немесе ол мерзімі бұзыла отырып берілсе, нотариус атқарушылық жазбаның күшін жоюдан бас тартады.

2. Атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы дау айтуға жатпайды.

Атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулының көшірмесі шығарылған күнінен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей осы Заңның 92-6-бабына сәйкес өндіріп алушыға, борышкерге табыс етілуге немесе жіберілуге тиіс.

Егер жасалған атқарушылық жазба борышкердің қарсылығы бойынша нотариустың қаулысымен күшін жоймаса және (немесе) мәжбүрлеп орындату үшін сот орындаушысына берілсе, оған дау айту сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 92-8-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2026 № 343-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-тарау. Құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау

93-бап. Құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау

1. Нотариус тізімдеу бойынша құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтауға қабылдайды. Тізімнің бір данасы нотариуста қалдырылып, екінші данасы құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтауға тапсырған адамға беріледі.

2. Егер құжаттар және бағалы қағаздар тиісті түрде буылып-түйілсе, тапсырушы адамның өтінішімен нотариус тізімдеусіз де қабылдай алады (буып-түю нотариустың мөрімен расталады, нотариус пен құжаттарды және бағалы қағаздарды өткізген адам қол қояды). Мұндай жағдайларда буып-түюдің сақталуына нотариус жауап береді.

3. Құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтауға тапсырған адамға куәлік беріледі.

Ескерту. 15-тараудың атауына және 93-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.11.13 № 302 Заңымен.

94-бап. Сақтауға қабылданған құжаттарды және бағалы қағаздарды қайтару

Сақтауға қабылданған құжаттар және бағалы қағаздар оларды сақтауға тапсырған адамға немесе заңды түрде уәкілетті адамға куәлікті және олардың тізімін көрсеткенде не соттың шешімі бойынша қайтарылып беріледі.

Ескерту. 94-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.11.13 № 302 Заңымен.

16-тарау. Теңіз наразылықтарын жасау

95-бап. Теңіз наразылығы туралы мәлімдеме

1. Нотариус кеменің жүзу немесе тоқтау кезеңінде орын алған оқиғалар туралы кеме капитанының мәлімдемесін кеме иесінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін дәлелдемелерді қамтамасыз ету мақсатында қабылдайды, бұл мәлімдеме кеме иесіне мүліктік талап қоюға негіз болуы мүмкін.

2. Теңіз наразылығы туралы мәлімдемеде оқиғаның мән-жайы мен өзіне сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін капитанның қолданған шаралары көрініс табуға тиіс.

3. Теңіз наразылығы туралы мәлімдемеде баяндалған мән-жайды растау ретінде кеме капитаны сауда мақсатында теңізде жүзуді реттейтін заңнамаға сәйкес нотариусқа қарап шығу үшін кеме журналын және кеме журналынан капитан куәландырған үзіндіні мәлімдемемен бір мезгілде не портқа кірген кезден немесе, егер оқиға портта орын алса, ол болған кезден бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Ескерту. 95-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

96-бап. Теңіз наразылығы туралы мәлімдеменің мерзімдері

1. Теңіз саудасын реттейтін заңдарға сәйкес теңіз наразылығы туралы мәлімдеме кеме портқа кірген кезден бастап жиырма төрт сағаттың ішінде беріледі.

Егер теңіз наразылығын мәлімдеудің қажеттігін туғызған оқиға портта болса, наразылық оқиға болған сәттен бастап жиырма төрт сағаттың ішінде мәлімделуге тиіс.

2. Белгіленген мерзім ішінде наразылықты мәлімдеу мүмкін болмаған жағдайда, оның себептері теңіз наразылығы туралы мәлімдемеде көрсетілуге тиіс.

97-бап. Теңіз наразылығы туралы акт жасау

Нотариус капитан мәлімдемесінің, кеме журналы деректерінің, сондай-ақ капитанның өзін және мүмкіндігінше кеменің командалық құрамынан ең кемі екі куәні және кеме командасынан екі куәні сұрау негізінде теңіз наразылығы туралы акт жасайды, оған өзінің қолын қойып, мөрмен куәландырады. Теңіз наразылығы туралы актінің бір данасы капитанға немесе уәкілетті адамға беріледі.

17-тарау. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету

98-бап. Сотта немесе басқа құзыретті органда іс туындаған жағдайда дәлелдемелерді қамтамасыз ету

1. Нотариус сотта немесе басқа құзыретті органда іс туындаған жағдайда, егер кейіннен дәлелдемелерді табыс ету мүмкін емес немесе қиын болады деп топшылауға негіз болса, мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша қажетті дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

2. Нотариус мүдделі тұлғалар өзіне өтініш жасаған кезде соттың немесе басқа құзыретті органның қарауында жатқан іс бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз етпейді.

99-бап. Нотариустың дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттері

1. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәртібімен нотариус азаматтардан сұрақ алады, заттай, жазбаша және электрондық дәлелдемелерді қарап-тексереді, қажет болған жағдайда сараптама тағайындайды.

2. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөнінде іс жүргізу әрекеттерін жасаған кезде нотариус Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу заңдарының нормаларын басшылыққа алады.

3. Нотариус тараптар мен мүдделі адамдарға дәлелдемелерді қамтамасыз ету уақыты мен орны туралы хабарлайды, бірақ олардың келмей қалуы дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекетті жасауға кедергі болып табылмайды.

4. Тараптар мен мүдделі адамдардың біреуін хабардар етпей дәлелдемелерді қамтамасыз ету тек кейінге қалдыруға немесе іске кейіннен кімнің қатысатынын анықтауға болмайтын жағдайларда ғана жүргізіледі.

5. Куә немесе сарапшы шақыру бойынша келмеген жағдайда, нотариус Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды қолдану үшін куәнің немесе сарапшының тұрғылықты жері бойынша сотқа бұл туралы хабарлайды.

6. Нотариус азамат пен маманды көрінеу жалған айғақ немесе қорытынды бергені және айғақ немесе қорытынды беруден бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін жауап беретіні туралы ескертеді.

Ескерту. 99-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.06.2020 № 349-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

99-1-бап. Нотариус дайындаған электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландыру

Электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландыру нотариус дайындаған электрондық құжат мазмұнының нотариусқа ұсынылған қағаз жеткізгіштегі құжаттың мазмұнына сәйкестігін растауды білдіреді. Нотариус дайындаған электрондық құжаттың нотариус бірдейлігін куәландырған қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей заңды күші болады.

Электрондық құжаттың қарапайым жазбаша нысанда жасалған мәмілелерге, жеке басты куәландыратын құжаттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес мемлекеттік органдар электрондық нысанда берген құжаттарға қатысты қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландыруға жол берілмейді.

Электрондық құжатты оның қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландыру үшін дайындауды нотариус қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық түрін дайындау және оны нотариустың электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландыру жолымен жүзеге асырады.

Ескерту. 17-тарау 99-1-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

99-2-бап. Нотариус дайындаған қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық құжатпен бірдейлігін куәландыру

Қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық құжатпен бірдейлігін куәландыру нотариусқа ұсынылған электрондық құжат мазмұнының нотариус дайындаған қағаз жеткізгіштегі құжаттың мазмұнына сәйкестігін растауды білдіреді. Нотариус дайындаған қағаз жеткізгіштегі құжаттың нотариус бірдейлігін куәландырған электрондық құжатпен бірдей заңды күші болады.

Нотариусқа ұсынылған электрондық құжат электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылуға тиіс. Құжатты берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне сәйкес тексерілуге және оның тиесілілігі расталуға тиіс.

Ескерту. 17-тарау 99-2-баппен толықтырылды – ҚР 15.02.2021 № 5-VII (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен

18-тарау. Нотариустың басқа мемлекеттердің құқық нормаларын қолдануы. Халықаралық шарттар

100-бап. Нотариустың басқа мемлекеттердің құқық нормаларын қолдануы

1. Нотариус Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес басқа мемлекеттердің құқық нормалары негізінде нотариаттық іс-әрекет жасайды.

2. Нотариус Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес жасалған құжаттарды қабылдайды, сондай-ақ егер бұл Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделсе, басқа мемлекеттердің заңдарында белгіленген нысанда куәландыру жазбаларын жазады.

101-бап. Мұралық мүлікті қорғау және мұраға құқық туралы куәлік беру

Шетелдік азамат өлген соң Қазақстан Республикасының аумағында қалған мүлікті немесе Қазақстан Республикасының азаматы өлген соң шетелдік азаматқа тиесілі мүлікті қорғауға байланысты іс-әрекеттер, сондай-ақ мұраны сенімгерлік басқарушыны тағайындау және осындай мүлікке қатысты мұраға құқық туралы куәлік беру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 101-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен.

102-бап. Нотариустың шетелде жасалған құжаттарды қабылдауы

1. Нотариус басқа мемлекеттердің құзыретті органдары лауазымды адамдарының қатысуымен шетелде жасалған немесе солардан шығатын құжаттарды оларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің органы заңдастырған жағдайда қабылдайды.

2. Заңдастырылмаған құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда ғана қабылданады.

103-бап. Басқа мемлекеттер органдарында іс жүргізуге қажетті дәлелдемелерді қамтамасыз ету

Нотариус басқа мемлекеттер органдарында іс жүргізуге қажетті дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

104-бап. Халықаралық шарт

1. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген нотариаттық іс-әрекеттерден өзгеше ережелер белгіленсе, нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарт Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген нотариаттық іс-әрекеттер жасауды нотариаттың құзыретіне жатқызса, нотариус нотариаттық іс-әрекетті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізеді.

105-бап. Осы Заңның орындалуын қамтамасыз ету

1. <*>

2. <*>

3. Нотариаттың ұйымдастырылуы мен қызметін реттейтін, қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілер 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін осы Заңмен сәйкес келтірілуге тиіс және осы мерзім ішінде оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

4. Алып тасталды - ҚР 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 105-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 408 Заңымен, 2011.12.26 № 516-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*